



№ 27 (9061),
жұма, 27 маусым
2025 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН АЛҚА МӘЖІЛІСІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

**Құрметті
құқық қорғау
жүйесінің
қызметкерлері
мен ардагерлері!
Қадірлі алқа
мәжілісінде
қатысушылар!**

Бүгін елімізде – Полиция күні және Мемлекеттік қызметші күні аталып өтуде. Сондықтан, алдымен, еліміздегі полиция қызметкерлері мен мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мейрамдарымен құттықтаймын.

Мемлекетке қызмет ету – ең құрметті әрі аса жауапты міндет. Сіздер заң мен тәртіпті сақтауға және азаматтардың құқығын қорғауға зор үлес қосып жүрісіздер. Қазір дүние жүзі алмағайып, бұлыңғыр, яғни, өте күрделі кезеңді бастан өткеруде. Осындай құбылмалы уақытта қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, заңның мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету – айрықша маңызды міндет. Сол себепті, бүгін біз алғаш рет осындай құраммен жиналып отырмыз. Құқық қорғау жүйесіндегі барлық жауапты құрылымдар жұмыла жұмыс істеуі қажет.

Елімізде «Заң мен тәртіптің» қатаң сақталуына қоғам өкілдерінің қосар үлесі де орасан зор. Қазір осы жиынға орталық және жергілікті атқарушы орган басшылары, депутаттар, сарапшылар және белсенді азаматтар қатысып отыр. Күштік құрылымдарды жаңғырту ісінде жаңа буынның атқаратын рөлі ерекше. Сол себепті, бүгінгі басқосуға академиялардың курсанттары да арнайы шақырылды.

Трансұлттық қылмыстық топтармен күресу үшін халықаралық ынтымақтастықты дамыту өте маңызды. Осы жерде бүгін шетелдік полиция аттаскерлері отыр. Құқық қорғау органдарымен жүргізіп жатқан халықаралық ынтымақтастық жұмысы үшін Сіздерге ерекше ризашылығымды білдіремін.

Соңғы жылдары елімізде барлық салада ауқымды реформалар жасалып жатыр. Мемлекеттің саяси жүйесі мен экономикалық құрылымы түбегейлі жаңғыруда. Ел ішінде жоғары құқықтық мәдениет қалыптасып келеді. Азаматтық жауапкершілік идеологиясы берік орныға бастады. Бұл – біздің стратегиялық бағдарымызға тән аса маңызды басымдық. Мемлекет құқық қорғау жүйесін жетілдіруге және барлық салада заң мен тәртіп орнатуға баса мән береді. Осы бағытта нақты нәтижеге қол жеткіздік.

2019 жылдан бері қылмыстық құқықбұзушылық саны шамамен екі есе азайды. Соның ішінде қарақшылық, тонау, ұрлық пен бұзақылық деңгейі 4 есе төмендеді, ал кісі өлтіруге қатысты қылмыстар 30 пайызға кеміді. Қоғамдық орындардағы қылмыс саны 80 пайызға азайды. Бұл – азаматтарымыз көшеде ештеңеден қауіптенбей, алаңсыз жүре алады деген сөз.

Келесі маңызды міндеттің бірі – отбасылық зорлық-зомбылықпен күрес және әйелдер мен балаларды қорғау. Осы бағытта заңнамалық, институционалдық тұрғыдан батыл қадамдар жасалуда. Отбасылық зорлық-зомбылық жасағаны үшін берілетін жаза едәуір күшейтілді. Бір жыл бұрын тиісті заң қабылданды. Заңға енгізілген түзетулер мен басқа да шаралар нақты нәтиже бере бастады. Орташа және ауыр деңгейдегі отбасылық-тұрмыстық қылмыс саны жыл басынан бері 30 пайызға төмендеді.

Жалпы, соңғы 5 жылда әйелдерге қатысты құқық бұзушылықтар екі есе азайды. Ең бастысы, қазір қоғамдық сана түбегейлі өзгеріп жатыр. Азаматтарымыздың бойында отбасындағы қатігездік пен озбырлыққа мүлдем төзбеушілік қасиеті қалыптасуда. Зардап шеккендерге қол ұшын беретін,



ал құқық бұзушыларды жазғыратын қайырымды қоғам орнығып келеді. Елімізде «Қазақстан балалары» атты арнайы бағдарлама әзірленіп жатыр. Құжатта өскелең ұрпақтың мүддесін қорғауға арналған маңызды тетіктер ұсынылмақ.

Нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы кешенді жұмыс атқарылуда. Биылдың өзінде 83 есірткі зертханасы жойылып, айналымнан алынған есірткі заттарының көлемі 84 пайызға ұлғайды. Есірткі өндіргені үшін берілетін жаза қатаңдатылды. Тіпті, өмір бойы бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Бірақ бұл саладағы жұмыс әлі де толығымен біткен жоқ, түйткілдер жеткілікті, шешілмеген мәселелер еліміздің қауіпсіздігіне, тұрақтылығына сын-қатер төндіруде. Бүкіл қоғамды алаңдатып отырған ең қауіпті үрдіс: жастар нашақорлыққа үйір бола бастады. Бұл – үлкен қатер, оны жасырмауымыз керек.

Қазақстанда кірісті жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрестің халықаралық озық стандарттарға сай тиімді жүйесі қалыптасты. 2019 жылдан бері ЖІӨ-дегі көлеңкелі экономиканың үлесі 23 пайыздан 16 пайызға дейін төмендеді. Бірақ әлі жоғары деңгей сақталып отыр. Мемлекет жауапкершілігі мол әрі адал кәсіпкерлерді қорғап, қолдау білдіреді.

Менің арнайы тапсырмам бойынша Бас прокуратура жалпы сомасы 34 триллион теңге болатын шетелдіктердің қатысы бар жүздеген инфрақұрылымдық жобаға құқықтық тұрғыдан көмек көрсетіп келеді. Алайда отандық бизнесі негізсіз қылмыстық қудалау мәселесі толық шешімін тапқан жоқ. Бас прокуратура бұл жұмысты жалғастырғаны жөн.

Жемқорлыққа қарсы күресу үшін нақты, жүйелі шаралар қабылданып жатыр. Менің тапсырмаммен сот арқылы жемқорлардан алынған қаражат мектептер салуға жұмсалуда. Үш жылдың ішінде 89 мектептің құрылысына 150 миллиард теңгеден астам қаражат берілді (соның ішінде 61 мектеп пайдалануға берілді).

Дегенмен кезіргі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайда жемқорлыққа қарсы күресті тиімді жүргізу үшін жаңа тәсілдер қажет. Біз қонақжайлық индустриясының әлеуетін мақсатты түрде нығайтып, туризмді дамытамыз және шетелдік қонақтарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баса мән береміз.

Бүгінде Қазақстанға келген әрбір туриске әуежайдан қауіпсіздік жадынамасымен бірге мобильді байланыс пен базалық интернет пакеті бар жаңа сим-карта беріледі. Қазақстанды жайлы әрі қауіпсіз мемлекет ету – бәрімізге ортақ міндет. Біз азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғай білуіміз керек. Ел ішіндегі тыныштық пен тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету аса маңызды. Бұл – халықтың ел-ауқаты мен еліміздің табысты дамуына тікелей ықпал ететін фактор. Сондықтан біз бүкіл құқық қорғау жүйесінің әлеуетін арттыруымыз қажет. Осылайша, Қазақстан аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге зор үлес қосатын ел ретіндегі мәртебесін нығайта бермек.

Құқық қорғау органдары түбегейлі өзгерістерге дайын болуға тиіс.

Түйткілдің бәрін жан-жақты ойластырып, жоспарлы түрде шешу қажет. Құзырлы органдардың негізгі мақсаты – нақты нәтижеге қол жеткізу.

Құрметті жиынға қатысушылар!

Әділетті әрі қауіпсіз Қазақстанды құру үшін заң мен тәртіп үстемдігін түбегейлі орнықтыру керек. Бұл – барша азаматтың мүддесін, құқығы мен бостандығын қорғаудың

мызғымас тірегі. Қоғамның құқықтық мәдениетін арттырып, құқық қорғау жүйесін жетілдіру қажет. Бұл – ауқымы кең маңызды міндет. Енді осы жұмыстың негізгі басымдықтарына тоқталайын.

Біріншіден. Біз «Заң және тәртіп» қағидатын жаппай дәріптеуіміз керек. Қазақ халқы қай заманда да заңға бас иген, дала заңын сақтаған халық. Бұл – біздің қанымызға сіңген қасиет. Түрік қағанаты, Алтын Орда мен Қазақ хандығы мықты мемлекеттік құрылымы, бірегей құқықтық жүйесі бар қуатты ел болғаны бәрімізге аян. Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын, Өз Тәукеңің Жеті жарғысын Ұлы даланың конституциясы деуге болады. Атадан балаға жалғасқан бұл заңдар мемлекеттілік дәстүрін нығайта отырып, қоғамдық дамуға ерекше ықпал еткен. Ұлы далада еркіндік пен әділдік, арнамыс пен адамгершілік, тілеуестік пен жауапкершілік бәрінен биік тұрған.

Сондықтан «Заң және тәртіп» қағидаты ұлтымыздың рухы мен дүниетанымына толық сай келеді. Біз ата-бабамыздың бірегей құқықтық мұраларын мұқият зерделеп, жан-жақты насихаттауымыз керек. Бұл – халқымыздың құқықтық сана-сезімін арттыратын маңызды фактордың бірі.

Заң – қысым көрсетуге немесе қудалауға арналған құрал емес. Заң – әр адамның құқығы мен бостандығының қорғаны. Біз осы ақиқатты терең түсінетін азаматтық және мәдени орта қалыптастыруымыз қажет. Тәртіп – жалпыға ортақ құндылыққа, ал заңға бағыну – өркімнің өмір салтына айналуға тиіс. Мемлекеттік аппарат пен бүкіл қоғам жұмылып жұмыс істесе, еліміз көздеген мақсатына жетеді. Озық ойлы ұлт болу үшін әдептілік, өзара құрмет, ұстамдылық, сыпайылық сияқты қасиеттерді барынша дәріптеген жөн. Азаматтарымыз әдеп пен заңды мәжбүрлікпен емес, саналы түрде сақтауы керек.

Заң мен тәртіп басты құндылыққа айналса, тұрмыстық зорлық-зомбылық, вандализм, есірткі саудасы, лудомания сияқты қатерлердің тамырына балта шабылады. Біз бытыр Ұлттық құрылтайда осы әлеуметтік кеселдермен ымырасыз күрес мәселесін тапқыладық.

Өскелең ұрпақтың бойына жасампаздық қасиеттерді сіңіріп, оларды тәртіпке баулу қажет. Бұл – ата-аналар мен білім беру жүйесінің ортақ міндеті. Балалар қоғамдық құндылықтардың мән-мағынасын ұстазынан үйренеді. Олардың мінез-құлқы негізінен мектеп қабырғасында қалыптасады. Сондықтан Үкімет білім мекемелеріндегі тәрбие жұмысын қайта зерделеп қарауы керек. Жас ұрпақты заңды сыйлауға үйрету мәселесіне баса мән берген жөн. Балалар мектептен «Адал азамат» болып шығуы қажет.

Заң және тәртіп» қағидаты жауапкершілікті сезіну мәдениетімен тығыз байланысты. Елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық науқаны жүріп жатқанын білесіздер. Бұл маңызды бастама халықтың кең қолдауына ие болды. «Таза Қазақстан» – озық ойлы қоғам құруға арналған идеологиялық

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ СУДЬЯ ЖӘНЕ СОТ ҚЫЗМЕТКЕРІ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

**Құрметті Судьялар және сот
қызметкерлері!**

Биыл – сот төрелігін атқаруға жауапты азаматтар үшін айрықша маңызды жыл. Себебі, осыдан 30 жыл бұрын ел егемендігінің, адамдардың құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың мызғымас тірегі саналатын Қазақстан Конституциясы қабылданды.

Қуатты әрі тәуелсіз сот жүйесі құқық үстемдігін қамтамасыз ету, сондай-ақ «Заң және тәртіп» қағидатын орнықтыру ісінде шешуші рөл атқарады. Сондықтан біз осы стратегиялық маңызы бар салада жүйелі түрде реформа жүргізіп келеміз. Сот ісі жетілдіріліп, басқару үдерістері оңтайландырылып, осы салаға цифрлық технологиялар енгізіліп жатыр. 1 шілдеден бастап қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі үш дербес кассациялық сот жұмыс істей ба-

стайды. Бұл қадам азаматтардың және бизнестің өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға арналған институционалдық мүмкіндігін едәуір аттырады.

Жұртшылықтың әділдікке деген сенімі көбінесе судьялардың кәсіби біліктілігіне, кез келген істі қараған кезде ұстанымына берік болып, бейтараптық таныта алуына тікелей байланысты. Осы маңызды әрі жауапты миссия терең құқықтық білімді, заң үстемдігін үнемі бәрінен биік қоюды талап етеді. Сот қызметкерлері мен ардагерлеріне қажырлы еңбегі мен өз кәсібіне адалдығы үшін шынайы ризашылығымды білдіремін.

Сіздер Әділетті Қазақстанды құру ісіне өлшеусіз үлес қоса бересіздер деп сенемін!

Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке, толағай табыс тілеймін!

akorda.kz

ГЛАВА ГОСУДАРСТВА КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ НАГРАДИЛ РАБОТНИКОВ СМИ



Президент поздравил участников торжественной церемонии с наступающим профессиональным праздником – Днем работников средств массовой информации. Он подчеркнул, что прессу можно с полным правом назвать голосом народа, а журналистов – вестниками достоверной информации.

– Вы служите связующим звеном между властью и обществом, разъясняя населению государственную политику и суть реформ. Я искренне признателен за столь важную и сложную работу, которая не каждому по плечу. В последние годы в стране осуществляются кардинальные преобразования, реализуется ряд значимых инициатив. На общенациональном референдуме, состоявшемся три года назад, было принято решение о внесении изменений в Конституцию. Проведены исторические шаги по кардинальному реформированию политического устройства страны. Укоренился принцип «Сильный Президент — Влиятельный Парламент — Подотчетное Правительство». Расширены полномочия Парламента, усилена ответственность Правительства. В соответствии с требованиями Конституции были обновлены все ветви власти. Введена прямая выборность сельских и районных акимов. В политику пришло новое поколение руководителей. Граждане получили возможность принимать активное участие в принятии государственных решений. Утверждается плюрализм мнений, иными словами, в обществе соглас-но закону создаются условия для выражения людьми своих взглядов,

утверждается новая политическая реальность. Концепция «Закон и Порядок» стала неотъемлемой частью общественного сознания – сказал он.

Касым-Жомарт Токаев подчеркнул, что проводимые реформы позитивно влияют и на отечественную экономику.

– Национальная экономика за последние пять месяцев по сравнению с аналогичным периодом прошлого года выросла на 6%. В обрабатывающей промышленности рост также достиг 6%. В целом, за последние пять лет ВВП страны увеличился с 182 до 286 млрд долларов. Все это стало возможным благодаря диверсификации экономики. Отрадно, что позитивные изменения происходят и в других ключевых сферах. Самое главное, происходит трансформация образа жизни людей. Формируется новая гражданская и политическая культура, утверждаются новые ценности. Молодому поколению прививаются лучшие качества «Адал азамат». Реализуется ряд конкретных мер в целях неукоснительного обеспечения верховенства закона. Поистине всенародную поддержку получила общенациональная акция «Таза Қазақстан». Чистота должна начинаться с чистого сознания каждого человека. Наши граждане, всецело разделяя такой подход, активно участвуют в этом всенародном деле. Таким образом, последовательные преобразования кардинально меняют облик Казахстана. Чистыми должны быть не только намерения, но и дела. Мы должны стать передовой нацией и войти в число ведущих стран мира.

ГЛАВА ГОСУДАРСТВА КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ НАГРАДИЛ РАБОТНИКОВ СМИ

Басы 1-бетте

Только работая сплоченно, объединяя наши усилия, мы сможем достичь поставленных целей. Журналистское сообщество вносит свою лепту в эту созидательную деятельность. Вы являетесь одной из движущих сил проводимых реформ. В конечном счете, и государство, и журналисты работают во благо страны. Наш народ объединяет единая цель – построение Справедливого, Безопасного, Цивилизованного и Чистого Казахстана, – заявил Президент.

По мнению Главы государства, нынешняя геополитическая и экономическая ситуация в мире наглядно демонстрирует, что нельзя занимать выжидательную позицию.

– Испытанию на прочность подвергается глобальная система безопасности. Нарастает противостояние сверхдержав, в ряде регионов обострились вооруженные конфликты. На международной арене происходят сложнейшие, не имевшие прецедентов процессы, нуждающиеся в глубоком осмыслении. По сути, происходит смещение понятий, связанных с международным правом. Культивируется право сильного. Беспрецедентные вызовы для всего человечества выдвигает глобальная цифровая трансформация. Мир вступает в совершенно новую эпоху, в которой технологии искусственного интеллекта становятся одним из ключевых факторов успеха государств. Нам нельзя недооценивать масштаб надвигающихся фундаментальных сдвигов. Чтобы не остаться на обочине прогресса, мы должны придать мощный импульс внедрению инноваций во всех сферах. Этому придается важнейшее значение и мной как Президентом. Грядущее повсеместное распространение искусственного интеллекта предъявляет абсолютно новые требования ко всем профессиям и к вашей профессии тоже. Все больше экспертов говорят о скорой замене людей алгоритмами. Однако для настоящей журналистики предстоящие изменения, напротив, открывают новые возможности, поистине бескрайние горизонты. Новейшие нейросети уже стали полезным инструментом для поиска и анализа информации, создания уникального и востребованного медиапродукта. Вы, отечественные журналисты, всегда отличались креативностью, новаторством и стремлением к прогрессу. Убежден, что вы в полной мере сможете использовать возможности новой технологической волны. Сегодня в Казахстане созданы все условия для поступательного развития медиаотрасли, в том числе и блогосферы. Теперь особенно важно, чтобы каждый из вас осознавал свою высокую ответственность за объективное освещение событий и процессов, – отметил Касым-Жомарт Токаев.

Президент напомнил о том, что в это трудное и непредсказуемое время нужно как зеницу ока беречь единство народа. Особенно важно ценить наше главное богатство – мир и стабильность.

– Высокая ответственность в связи с этим возлагается на работников средств массовой информации. Как говорил Миржақып Дулатов: «Большое будущее у той страны, где есть сильная отечественная пресса» («Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті»). Поистине, слово обладает огромной силой. Оно может примирить враждующие страны, а может посеять рознь там, где царил мир. Именно поэтому важно глубоко осознавать силу каждого сказанного слова. Сегодня в бесконечном потоке информации особую значимость приобретают достоверные сведения и объективный анализ. На первый план выходит просветительская миссия журналистики. Отделяя зерна от плевел, вы помогаете людям двигаться в правильном направлении и служите надежным им ориентиром. Уверен, что наши журналисты способны дать глубокий анализ и оценить любые события сквозь призму национальных интересов. Я сам много читаю, хорошо знаком с вашими публикациями. Сегодня вы трудитесь в самых разных областях. Среди вас немало талантливых мастеров своего дела, добившихся широкого признания. Представители СМИ успешно работают в Парламенте и маслихатах, в центральных органах и на местах. Это свидетельствует о том, что журналистика – универсальная профессия, – сказал Глава государства.

Касым-Жомарт Токаев сообщил, что на встречу в Акорду были приглашены ветераны журналистики.

– Сегодня в зале присутствуют такие корифеи, как Сауық Жақанова, Жарылқап Бейсенбайұлы и Шархан Казыгул, которые внесли значительный вклад в развитие отечественных масс-медиа и воспитали целую плеяду журналистов. Выражаю вам искреннюю благодарность. Безусловно, добросовестный труд всегда заслуживает глубокого уважения. Это твердая позиция справедливого общества, которое мы строим, – подытожил он.

Затем по ежегодной традиции Касым-Жомарт Токаев вручил группе журналистов государственных награды. Многие представители медиа-отрасли были отмечены премиями, грантами и благодарностью Президента.

В ходе мероприятия также выступили ветеран журналистики Шархан Казыгул, заведующая отделом газеты «Казахстанская правда» Юлия Магер, ведущая телеканала «Хабар» Гулназия Зарипова.

akorda.kz

ОБЛЫС ӘКІМІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Облыс әкімдігінде өңір басшысы Мемлекеттік қызметшілер күніне орай аталған сала мамандарын құттықтады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жиында қатысушылар алдында құттықтау сөз сөйлеген Бейбіт Исабаев мемлекетке, халыққа қызмет етудің маңыздылығы туралы атап өтіп, өңірді дамытудың негізгі бағыттарына тоқталды.

– Жаңа өзгерістер кезеңінде мемлекеттік қызметшіге артылатын жауапкершілік жүгі үлкен, оны күнделікті жұмыста өздеріңіз де сезініп отырсыздар. Мемлекеттің «адамға бағдарланған» моделін қалыптастыру жолында қолға алынған жаңа қағидаттар бір-бірімен тікелей ұштасып жатыр. Оларды бұлжытпай орындау үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай, мемлекеттік қызметшілердің бойында кәсібилік пен отаншылдық қасиеттері болуы тиіс. Сондықтан қай-қайсымыз да осы талап үдесінде қызмет атқаруымыз керек, – деген өңір басшысы осы ретте облыс қайта құрылғаннан бергі 3 жыл ішінде

әлеуметтік-экономикалық салаларда қол жеткізген жетістіктер жайлы қысқаша баяндады.

Мәселен, үш жыл бойы аймақ әлеуметтік-экономикалық даму индикаторы бойынша республикада үздік үштіктің ішінде болды. Облысқа 1,2 трлн. теңге инвестиция тартылды. Көп қабатты үйлер мен жеке тұрғын үйлер бой көтерді. Әлеуметтік нысандар жаңарды, елді мекендер газдандырылып, жолдар жөнделді. Транзиттік әлеуеті зор «Талдықорған-Үшарал», «Үшарал-Достық» жолдары пайдалануға беріліп, «Сарыөзек-Көктал» тас жолы, оның ішінде Алтынемел асуының жолы жаңғыртылды. «Жаркент-Көктал», «Жаркент-Қорғас» жолының негізгі учаскелері күрделі жөнделуден өткізілді. 30 жылдай жөндеу көрмеген «Үштөбе-Көпбірлік» автомобиль жолы қалпына келтірілді. Көп жылдар бойы жыр болған Молалыдан Балқаш көліне дейінгі жолдың құрылысы аяқталып, көлік құралдарының жүруі толық қамтамасыз етілді. «Сырт көзге бұл жұмыстардың бәрі өздігінен жасалып жатқандай көрінгенімен, оның артында қаншама тынымсыз еңбек, ерік-жігер, талап пен табандылық жатыр. Кәсіби мереке қарсаңында облысты дамыту жолындағы қажырлы еңбектеріңіз үшін бөріңізге ризашылығымды білдіремін», - деді Б. Исабаев.

Әкім жастарды мемлекеттік қызметке тартудың маңызына да назар аударды. Өңірде жоғары оқу орындарында грантта оқып, үздік бітірген түлектерді мемлекеттік қызметке конкурстан тыс қабылдау тетігі жұмыс істейді. Осы бағдарлама бойынша өткен жылдан бастап қызметшілер қатарына 24 жас маман қосылған. Сонымен қатар жыл басынан бері облыстың барлық атқарушы органдарында euzmet.gov.kz порталы арқылы «адам факторынсыз» іріктеудің жаңа жүйесі енгізілді.

Өңір басшысы ашықтық, адалдық және кәсіби даярлық кадрлық саясаттағы басты алғышарттар екенін, өңірде меритократия қағидаты 70% деңгейінде қалыптасқанын атап өтті. Бұл ретте әкімдікте жұмыс істейтіндердің арасында шетелдік білімі бар, ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер, Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының түлектері, сондай-ақ Президенттік кадр резервінің қатысушылары бар. «Жан-жақты білімді, креативті ойлай алатын жастардың мемлекеттік қызмет ісіне оң ықпалын тигізетіні анық», - деген Б. Исабаев сөзінің соңында білім мен тәжірибеге қоса әрбір қызметші өзінің кәсіби-тұлғалық болмысын үнемі дамытып отыруы керектігін айтып, қарапайымдылық қағидатымен өмір сүретін адал қызметші, кәсіби білікті маман, патриот азамат қана мемлекетті алға жылжытатынын атап өтті.

Осы күні мемлекеттік қызметте жолын енді бастаған жас мамандар Еділ Орымбеков, Дастан Құдайберген, Айдана Арин Отанға, Конституцияға және Қазақстан халқына адал болуға ант берді.

- Бұған дейін екі жыл Балқаш қаласындағы әскери бөлімде екі жыл қызмет еттім. Содан кейін туған жеріме оралып, қазір Сарқан ауданы Черкасск ауылдық округі әкімдігінде жетекші маман болып жұмысқа орналастым. Туған жеріме адал қызмет етуді парызым деп санаймын, осы жолда өзімнің бар білімдімің жұмсаймын деп сендіргім келеді, – дейді Е. Орымбеков.

Бұдан соң мемлекеттік қызметте жемісті еңбек етіп келе жатқан бірқатар азаматқа марапаттар тапсырылды. Соның ішінде аудан-қала әкімдіктерінің, облыстық басқармалардың, облыс әкімі аппаратының қызметкерлері «Үздік мемлекеттік қызметші», «Мемлекеттік қызмет ардагері» төсбелгілерімен, облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Мемлекеттік қызметте 29 жыл еңбек етілі бар Айнагүл Қонысбекова да «Мемлекеттік қызмет ардагері» атанғандар қатарында.

- Алғаш еңбек жолымды Қаратал ауданы Байшегір ауылында ауыл әкімінің хатшысы болып бастаған едім. Ұзақ жылдан бері осы ауылдық округ әкімдігінің жас маманы ретінде ауыл халқының әл-ауқатын арттыруға үлес қосып келемін. Мемлекеттік қызмет саласындағы жаңа талаптарға сай жұмыс істеп, онды өзгерістерден тыс қалмаймыз. Жас мамандарға, әріптестеріме тәлімгер болып, білгенімді үнемі үйретіп отырамын. Бүгін, міне, «Мелекеттік қызметтің ардагері» атанып отырымын. Еңбегімнің еленгеніне қуаныштымын, - деді А. Қонысбекова.

Фотосуреттер авторы: Жеңіс Ысқабай

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ХІ «АЙБЫН» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ЖАСТАР ЖИЫНЫН АШТЫ



Президент – Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ХІ халықаралық «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынының ашылу рәсіміне қатысты.

Биыл Қазақстан, Әзербайжан, Беларусь, Қырғызстан, Ресей және Өзбекстан елдерінің әскери-патриоттық қозғалыстарына мүше 800-ге жуық жастың басын қосқан іс-шара Ақтөбе облысында ұйымдастырылып отыр. Слет қос атаулы датаға – Ұлы Жеңістің 80 жылдығына және қазақ халқының батыр қызы Әлия Молдағұлованың 100 жылдық мерейтойына арналады.

Қасым-Жомарт Тоқаев барша қатысушыларды «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынының ашылуымен құттықтап, бұл жас өркендеріміздің рухын шыңдайтын өте маңызды іс-шара екеніне назар аударды.

– Биыл «Айбын» жиыны қазақтың қайсар қызы, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл толуына арналып отыр. Ержүрек мерген қыздың ерлігі халқымыздың және достас елдердің тарихына алтын әріппен жазылған. Қазақтың қаршадай қызы соғысқа аттанып, бірден қан майданның ортасына түсті. Ол сұрапыл шайқастарда теңдессіз ерлік пен Отан алдындағы парызға адалдық үлгісін көрсетті. Биыл Ұлы Жеңіске – 80 жыл! Бұл – біздің елдерімізге ортақ тарихи мереке.

Ұлы Жеңіс күнін атап өту – батыр бабалардың рухына тағзым ету, олардың ерлігін жадымызда жаңғырту деген сөз. Қазақстан үшін мұның мән-мағынасы айрықша. Халқымыз Ұлы Жеңіске өлшеусіз үлес қосты, азаттық пен әділдік үшін аянбай күресті. Қазақстаннан 1 миллион 200 мың азамат майданға аттанды, оның тең жартысы ерлікпен қаза тапты. Мыңдаған адам далада, зауыттар мен фабрикаларда еңбек етіп, майданға азық-түлік, қару-жарақ және оқ-дәрі жіберді. Біз даңқты ерлеріміз бен тыл еңбеккерлерін ешқашан ұмытпаймыз, олардың есімін мәңгі есте сақтаймыз. Батырларымыз жер-жаһандағы бейбітшілік пен тыныштық үшін аса ауыр сынақтарды өңсерді, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, қазіргі құбылмалы, бұлыңғыр заманда біз осы тарихи ақиқатқа адал болуымыз керек, зұлмат соғыстың қасіретті сабағын ұмытпауымыз қажет.

– Жастар бейбіт заманның қадірін түсінуге тиіс. Жыл өткен сайын жаһандық шиеленістер өршіп, мемлекеттер арасында қақтығыстар жиілегенін көріп отырсыздар. Қазіргі аса күрделі уақытта елдеріміз арасындағы түсіністік, өзара сенім мен келісім өте маңызды рөл атқарады. Бүгінгі жарыстар біздің шетелдермен көпжақты байланыстарымызды кеңейтуге үлес қосады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы әскер қатарында болу абыройлы міндет екенін атап өтіп, еліміз өскелең ұрпақтың әскери-патриоттық тәрбиесіне баса мән беретінін жеткізді.

– Қуатты Армия – тәуелсіздік тірегі, қарқынды даму кепілі. Бүгін сапта тұрған сарбаздар – нағыз отаншыл, батыл, мықты азаматтар. Қазақстан Армиясының келешегі сіздердің қолдарыңызда! Әділетті және Қауіпсіз Қазақстанды құратын да – Сіздер. Мен Жоғарғы Бас қолбасшы ретінде еліміздің білімді, адал, озық жастарына сенемін! Алдағы күндері сіздердің қаншалықты күшті ері епті екендеріңіз сыналады. Әскери қызметтің қандай болатынын сезініп, заманауи армияның озық технологияларымен танысасыздар. Нағыз жауынгер табанды еңбек, қатаң тәртіп пен жауапкершілік қана жеңіске жеткізетінін біледі. Тактикалық ойындар кезінде сіздерге батылдық пен шешімталдық қажет болады. Командамен ұйымдас әрекет ету, бір-біріңе көмектесу талап етіледі. Бүгін осы жиында Қазақстанның намысы «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының ең үздік мүшелері қорғайды. Жастарымыз жарысқа лайықты деңгейде қатысып қана қоймай, өздерін осы елдің қонақжай әрі көңелілі иесі ретінде көрсететініне сенімдімін. Осы жиыннан жаңа дағды үйреніп, адал дос тауып, керемет әсермен оралуларыңызға тілектеспін. Баршаңызға сәттілік тілеймін! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиын аясында балалар мен жасөспірімдер «Айбын дарыны» интеллектуалдық ойынына, «Smart Sarbaz» технологиялық конкурсына және «Айбын» жұлдызы шығармашылық сайысына қатысады. Пневматикалық мылтықтан ату, Қалашников автоматын шашып, қайта жинаудан жарысады. Сондай-ақ бағдарламада спорттық сайыстар, «Күшіміз бірлікте» әскери-тактикалық ойыны бар. Кешқұрым жастар алау басында патриоттық әндер орындалды.

Ресми ашылу салтанатынан кейін Мемлекет басшысына Қорғаныс министрі, авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосанов FPV-дрон операторларын даярлайтын инновациялық оқу-жаттығу кешені мен ұшқыштарға арналған заманауи жаттығу симуляторларын таныстырды.

Одан кейін Президент «Smart sarbaz» жас робот техниктері үйірмесінің жұмысымен танысты. Сондай-ақ балалардың «Жас сарбаз» әскери-патриоттық үрмелі аспаптар оркестерінің орындауындағы музыкалық шығарманы тыңдады.

akorda.kz



БИЫЛ ЖЕТИСУДА РАПС, ЗЫҒЫР ЖӘНЕ ҮРМЕБҰРШАҚ ӨСІРУГЕ ДЕН ҚОЙЫЛДЫ



Жетісу облысында Алқап күні шарасы өтті. Бұл басқосуды облыс әкімдігі «Август-Қазақстан» компаниясымен бірлесіп Ескелді ауданы Бақтыбай ауылындағы «Дүйсембинов А.К.» шаруа қожалығының аумағында ұйымдастырды, оған өңірлерден агроөнеркәсіптік кешеннің жетекші мамандары жиналды.

Кездесудің басты мақсаты – ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру саласында тәжірибе алмасу, заманауи агротехнологиялар мен жоғары өнімді ауыл шаруашылығы техникасының үлгілерін көрсету.

Іс-шараға қатысушылар алдында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдаулет Кененбаев сөз сөйледі. Ол биылғы іс-шараның өткен жылғы Алқап күнінен айырмашылығы, биылғы жылы аймақта қарқынды енгізу жоспарланып отырған дақылдар – рапс, зығыр және үрмебұршақ өсіру технологиясына баса назар аударылғанын атап өтті:

- Бұл дақылдар фермерлер үшін экономикалық тұрғыдан тиімді. Сонымен қатар бүгін біз суарудың дискретті әдісін ұсынып отырмыз, бұл суды үнемдейтін технология, оны қолдану оңай әрі қолжетімді, - деді.

Ұйымдастырушылар тәжірибе алмасу, жаңа технологияларды көрсету, фермерлердің және ғылым мен бизнестің арасындағы ынтымақтастықты нығайту іс-шараларының маңыздылығын атап өтті. Кездесу барысында өнімділікті арттыру, суды тиімді пайдалану және техниканы жаңғырту мәселелері талқыланды.

Атап өтсек, «Дүйсембинов А. К.» ШҚ – ұзақ жылғы тәжірибесі бар, бүгінде мал және өсімдік шаруашылығымен айналысып келе жатқан табысты отбасылық кәсіп саналады. Оның алқабында бидай, арпа және жемшөп дақылдарын өсірілуде.

- Биыл біз алғаш рет зығыр, үрмебұршақ, рапстың неміс сортын септік. Бұл тиімділігі жоғары дақылдар аймақтың климаттық жағдайларына тәзімді, әрі оларға деген нарық сұранысы жоғары. Бүгінде біздің иелігімізде төрт шаруашылық, 50 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы бар және 50 адам тұрақты жұмыспен қамтылған, - дейді шаруашылық басшысы Айдын Дүйсембинов.

Фотосуреттерді түсірген: Жұмабай Мұсабеков.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ СИМВОЛЫ



Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанда мемлекеттік тілдің рөлі ерекше. Ол – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттың рухани негізі, елдігіміздің айнасы, бірегейлігіміздің басты белгісі. Мемлекеттік тілдің беделі мен қолданыс аясының кеңеюі – ел тәуелсіздігінің нығаюымен тығыз байланысты. Бұл үдерісте сот саласының алар орны айрықша.

Сот жүйесі – мемлекеттің негізгі билік тармақтарының бірі. Мұнда әділет салтанат құруы үшін тек заң емес, оны дұрыс әрі түсінікті жеткізу тілі де маңызды. Осы орайда, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, мемлекеттік тіл – қазақ тілі болып табылады. Сондықтан сот процесінде, ресми хаттамаларда, сот актілерінде қазақ тілінің сапалы әрі сауатты қолданылуы – заңдылық пен ұлттық бірегейліктің көрінісі.Бүгінде сот ісін жүргізу барысында қазақ тілін кеңінен қолдану бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Құжат айналымы біртіндеп қазақ тіліне көшіріліп, судьялар мен сот қызметкерлерінің тілдік біліктілігі артып келеді. Сонымен қатар, мемлекеттік тілде іс жүргізу дағдыларын жетілдіруге арналған семинарлар, оқу курстары тұрақты түрде ұйымдастырылуда.

Мемлекеттік тіл тек сот қызметінің құралы ғана емес, құқықтық сана мен мәдениеттің бөлігі болуы тиіс. Халық сотқа сеніммен жүгінсе, сот әділдікпен қатар ана тілінде қызмет көрсете алуы қажет. Мемлекеттік тілдің сот саласында кеңінен қолданылуы – заң үстемдігімен қатар, ұлттық сананы қалыптастырудың да тетігі. Бұл ретте әрбір заң қызметкері, әрбір мемлекеттік қызметші қазақ тілін құрметтеп, оны күнделікті қызметінде қолдануы тиіс.

Мемлекеттік тіл – ұлттық болмыстың тірегі ғана емес, әділ сот пен құқықтық жүйенің де беделін арттыратын маңызды құрал. Сот саласында қазақ тілінің кеңінен қолданылуы – заң мен елдіктің тұтастығын көрсетеді. Ендеше, мемлекеттік тілді сот төрелігінің тіліне айналдыру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Индира ИДРИСОВА
Ескелді аудандық сот әкімшісінің басшысы

БҰЗЫЛҒАН ҚҰҚЫҚТАР ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Қазақстан Мемлекеттік агенттігінің бойынша қызметінің бағыттарының бірі сапалы көрсетуді, және қамтамасыз ету болып табылады.	Республикасы қызмет істері Жетісу облысы департаменті басым халыққа қызмет көрсетуді, құқықтарын қорғауға және қалпына келтіруді ету болып табылады.	Шағымды қара барысында «Жеке куәлік пен паспортты беру» мемлекеттік қызметі сапасыз көрсетіліп, алған құжаттарының түп нұсқасы мен цифрлық нұсқаларында сәйкессіздік анықталды.	кезінде құқықтарыңыз бұзылған жағдайда Департаментке Талдықорған қаласы, Н. Назарбаев даңғылы, № 75 мекен-жайы бойынша жазбаша түрде, не электрондық түрде «электрондық үкімет» порталы немесе «E-Otinish» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы және «Kenes 1414 official» telegram-бот арқылы жүгіне аласыздар.
Мәселен, Панфилов ауданы тұрғынының «Жеке куәлік пен паспортты беру» мемлекеттік қызметін Панфилов ауданы Полиция бөлімі сапасыз көрсеткендігі туралы шағымы қаралды.	Департаментпен ауданы тұрғынының «Жеке куәлік пен паспортты беру» мемлекеттік қызметін Панфилов ауданы Полиция бөлімі сапасыз көрсеткендігі туралы шағымы қаралды.	Көрсетілетін қызметті алушының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Департамент тарапынан қажетті іс-шаралар жүргізіліп, нәтижесінде мемлекеттік қызмет алушының құжаттары сәйкестендіріліп, бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Аталғанның негізінде, мемлекеттік қызмет көрсету	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті

МЕРЫ РЕАГИРОВАНИЯ НА РИСКИ В БЮДЖЕТНОМ ПРОЦЕССЕ

В целях усиления контроля за использованием бюджетных средств, направленных на выплату заработной платы в сфере образования, здравоохранения, культуры и спорта, Комитетом внутреннего государственного аудита расширен функционал модуля «Онлайн бюджетный мониторинг».

В настоящее время, со стороны Департамента внутреннего государственного аудита по области Жетісу проводится онлайн мониторинг перечислений заработной платы, произведенной через органы Казначейства.

За 5 месяцев текущего года по итогам «Онлайн бюджетного мониторинга» в сфере образования выявлено 781 рисковом платежа на общую сумму 372,8 млн тенге. По результатам проведенных контрольных мероприятий установлен факт нецелевого использования бюджетных средств на сумму 99,4 млн тенге. Из этой суммы учреждения самостоятельно возместили в бюджет 2,9 млн.тенге в бюджет. На сумму нарушений 96,5 млн тенге виновные лица осуждены и отбывают наказание.

В сфере здравоохранения 27 объектам по выявленным рисковом платежам направлено 29 уведомлений на сумму 20,4 млн тенге, по которым ведутся контрольные мероприятия.

С использованием модуля «Онлайн бюджетный мониторинг» в сфере культуры и спорта были со статусом риска выявлены счета на общую сумму 17,7 млн. тенге по которым риск подтвержден на сумму 1,6 млн тенге. Средства полностью возмещены в бюджет.

Департаментом внутреннего государственного аудита по области Жетісу будет продолжена системная работа, направленная на усиление превентивного контроля, а также на дальнейшее совершенствование системы управления рисками и эффективных механизмов внутреннего финансового контроля.

Отдел планирования, анализа, отчетности и контроля качества ДВГА по области Жетісу

ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫЗ – КЕЗЕКТІ ДЕМАЛЫС


2025 жылдың 20 мамыр мен 10 маусым аралығында Жетісу гарнизоны Әскери полиция бөлімі әскери автомобильдік полиция бөлімшесінің қызметкерлері Жетісу және Үштөбе гарнизонының жеке құраммен жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша түсіндіру сабақтары жүргізіліп, ҚР ҚК ӘПБББ жеделхатының талаптары жеткізіліп және “Жол-көлік оқиғасыз – кезекті демалыс” айлығы аясында іс-шара өтті.

Іс-шараның басты мақсаты – жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау мәдениетін арттыру және оқиғалардың алдын алу болып табылады дейді -



Рахымжан Қайрат ОРАЛХАНҰЛЫ,
Жетісу гарнизоны Әскери полиция бөлімі әскери автомобильдік полиция бөлімшесінің бастығы аға лейтенанты

О НОВШЕСТВАХ В СФЕРЕ ОКАЗАНИЯ ГОСУСЛУГ



Действующее трудовое законодательство предусматривает определенные ограничения для лиц, совершивших коррупционные преступления. Соискатели, при оформлении на работу в организации квазигосударственного сектора обязаны, представлять справку о наличии либо отсутствии сведений о совершении коррупционного преступления.

Если ранее не допускалось трудоустройство лиц, на должность, связанную с исполнением управленческих функций, то сейчас ограничение в трудоустройстве в квазигосударственные организации распространяется на все должности. Комитетом по правовой статистике и специальным учетом Генеральной прокуратуры

выдача сведений о совершении лицом коррупционного преступления переведена в сферу оказания государственных услуг.

Прием и выдача документов для оказания государственной услуги осуществляется через: веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz. Срок исполнения услуги 10 минут, в случаях дополнительной установочной проверки – 5 рабочих дней. Услуга будет также доступна работодателям, для получения сведений в отношении сотрудников, при условии их согласия посредством «личного кабинета» и (или) sms-подтверждения. Получить такую услугу можно лишь при регистрации в базе мобильных граждан.

Для регистрации в базе мобильных граждан услугополучателю необходимо в «Личном кабинете» на веб-портале «электронного правительства» в графе «телефон» указать номер телефона или привязать его к индивидуальному идентификационному номеру (ИИН) обратившись в любой фронт-офис Госкорпорации.

Ж.Б. АСЫЛБЕКОВ,
Заместитель начальника Департамента - начальник отдела формирования правовой информации в уголовной сфере Департамента Комитета по правовой статистике и специальным учетом ГП РК по области Жетісу

СЫРЫМБЕТТІҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ



Жетісу облысы, Ескелді ауданына қарасты Сырымбет ауылы – табиғаты әсем, адамдары қарапайым, дарынды жастарымен мақтана алатын өңір. Сол дарынды жастардың бірі – Ерболатқызы Назира. Ол – Жұматай Жақыпбаев атындағы орта мектептің 2024–2025 оқу жылындағы үздік түлегі.

Назира – болмысы ерекше, жан-жақты қабілетімен дараланған жас. Оның журналистикаға деген қызығушылығы мектеп қабырғасында-ақ айқын байқалды. 9-сыныптан бастап мектеп парламентінің белсенді

мүшесі ғана емес, көпбасшы болды. Ол түрлі мерекелік іс-шараларды ұйымдастырып қана қоймай, жүргізуші ретінде халық алдына шығып, өзінің сөйлеу мәнерімен, сахна мәдениетімен көпшіліктің қыласына бөленді.

Назира – болмысы ерекше, жан-жақты қабілетімен дараланған жас. Оның журналистикаға деген қызығушылығы мектеп қабырғасында-ақ айқын байқалды. 9-сыныптан бастап мектеп парламентінің белсенді

түр. 2025 жылғы соңғы қоңырауда “Үздік спортшы” атағымен марапатталуы – сол еңбектің жемісі. Академиялық тұрғыдан да ол үздіктер қатарында болды. Түрлі пәндік олимпиадалар, шығармашылық байқаулар мен викториналарда белсенділік танытып, мектепті «үздік» аттестатпен аяқтады.

Назираның журналистикаға деген қызығушылығы тек сахнамен шектелмейді. Ол әртүрлі форумдар мен байқауларға қатысып, мақалалар жазып, әлеуметтік желілерде (YouTube, Instagram, Telegram) авторлық парақшаларын белсенді жүргізіп келеді. Оның шығармашылық материалдары – өзіндік көзқарасы бар жас қаламгердің алғашқы қадамдары.

Жақында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің журналистика факультетінің деканы Қанат Әуесбайдың өзі мектеп ұжымына арнап алғыс видеосын жолдауы – Назираның осы саладағы табандылығына берілген ерекше баға.

Назира – өз жолын ерте тапқан жас. Ол үшін журналист болу – жай кәсіп емес, жүрек таңдауы. Ол – болмысы мен болашағы үйлескен, таланты мен мақсаты тоғысқан жастардың жарқын үлгісі. Біз оған сенеміз. Оның сөзі ертең газет бетінде, телеарна эфирінде, ел жүрегінде естіледі.

Дара Дана

BASKETBOLDAN «ҰЛТТАР ЛИГАСЫ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР



2025 жылдың 09 - 15 маусым күндері аралығында Қырғызстан мемлекетінде Тамға қаласында баскетболдан 2010-2011ж.т жасөспірім ұлдар арасында «Ұлттар лигасы» Халықаралық турнирі өтті.

Аталған жарысқа 10 командада 120 спортшы қатысты. «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 2010 - 2011 ж.т. жасөспірім ұлдар командасы қатысып, жарыс қорытындысы бойынша жүлделі 2 орын иеленді.

ЖАТТЫҚТЫРУШЫ: ИКІЖАН ӘДІЛ

ВОЛЕЙБОЛДАН ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАЗҒЫ ЧЕМПИОНАТЫ



2025 жылдың 11 - 15 маусым күндері аралығында Талдықорған қаласында волейболдан 2013-2014ж.т жасөспірім қыздар арасында Жетісу облысының жазғы чемпионаты өтті.

Аталған жарысқа 6 командада 80 не астам спортшы қатысты. «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы»

мемлекеттік мекемесі Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінен қыздар командасы қатысып, жарыс қорытындысы бойынша жүлделі 2 орын иеленді.

Жарыстың Үздік ойыншы номинациясында Нұртлеу Дина марапатталды.

ЖАТТЫҚТЫРУШЫ: ЖАНАТ ЕЛДОС

БОКСТАН ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ БІРІНШІЛІГІ

2025 жылдың 03 маусым күні Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылында бокстан 2011 - 2012, 2013 - 2014 ж.т. кіші жасөспірімдер қыздар мен ұлдар арасында Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің біріншілігі өтті.

Аталған жарысқа «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 4 командада 100 спортшы қатысты.

ЖАТТЫҚТЫРУШЫ: ҚАНАТБАЙ ЕРНАР

26 МАУСЫМ - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖӘНЕ ЕСІРТКІНІҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС КҮНІНЕ ОРАЙ «ЖЫЛДАМ, ЖОҒАРЫ, ШАПШАҢ» АТТЫ ЭСТАФЕТАЛЫҚ ЖАРЫС



2025 жылдың 21 маусым күні Қарабұлақ ауылының Дене шынықтыру сауықтыру кешенінің спорт алаңында, аудан тұрғындары арасында 26 маусым – Халықаралық нашақорлыққа және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес күніне орай «Жылдам, жоғары, шапшаң» атты эстафеталық жарысы өткізілді.

Жарыстың ашылуына арнайы Ескелді ауданының АПБ-нің мамандары қатысып, болашақ жастардың өз қолдарында екенін атап өтті.

Жарысқа ауданымыздан 5 коман-

да, 20 спортшы қатысып бақтарын сынады. Жарыс тартыстыда, қызықты сәттерге толы болды.

Жарыс нәтижесінде:

- 1-орын Болашақ
- 2-орын Реал
- 3-орын Баскетбол командасы иеленді.

Жеңіске жеткен командалар Ескелді ауданының спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу бөлімінің атынан арнайы кубок, медаль, грамота және Ескелді ауданың жастар саясатының атынан бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Г.ОМАРОВА,

Ескелді ауданының спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс шараларды өткізу бөлімінің басшысы

ЕСІРТКІСІЗ ҚОҒАМ-ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Есірткі – адамзат қоғамына үлкен қауіп төндіретін індет. Бұл тек бір адамның немесе бір отбасының мәселесі емес, бүкіл қоғамның, ұлттың болашағына төнген қатер. Сондықтан есірткіге қарсы күрес – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Есірткімен күрес мемлекет ұстанған

бағыттың бір бөлігі дегенмен де, есті адамды есінен айыратын, есіртіп-еліретін өсімдікке деген жастың да, орта буынның да құмарлығы айрықша болып тұрғаны белгілі. Сау адамды сандырақтататын есірткі әлдекімдер үшін бір сәттік ләззаттың көзі болса, енді біреулер үшін көлеңкелі бизнеске айналып бара жатқаны рас.

Жастар спортпен, өнермен, ғылыммен айналысып, уақыттарын пайдалы істерге жұмсауы керек. Әрқайсымыз өз ортамызда, өз отбасымызда осы індеттің алдын алуға үлес қосайық! Тек бірлескен күш-жігеріміз арқылы ғана біз есірткіге қарсы тұра аламыз және болашақ ұрпаққа жарқын өмір сыйлай аламыз.

Есірткісіз қоғам – дені сау, бақытты, өркендеген қоғамның кепілі.

Сонымен қатар Сырымбет ауылдық округ аппаратының мемлекеттік мекемесі жастар ісі жөніндегі-өдіскер нұсқаушысының ұйымдастырумен “Есірткісіз қоғам-жарқын болашақ кепілі”, атты жасөспірімдерді тәрбиелеу мақсатында акциялар, іс-шаралар өтіп тұрады.

А.УНАТ,

Сырымбет ауылдық округі әкімінің аппараты ММ-нің жастар ісі жөніндегі өдіскер-нұсқаушысы



тұғырнаманың ажырамас бөлігі. Бұл – тек қоршаған ортаның тазалығын емес, ой мен сана тазалығын сақтау деген сөз. Себебі қоғамдық әдеп пен заңға деген құрмет айналадағы тазалықтан басталады.

Жалпы, халықтың құқықтық мәдениетін көтеруге жан-жақты қараған жөн. Бүгін мен «Заң және тәртіп» апталығын жариялауды ұйғардым. Осы апта қоғамда заң мен тәртіпті насихаттау аптасы болмақ. Алдағы жеті күн құқықтық мәдениетті нығайтуға, сондай-ақ құқық қорғау органдарының абырой-беделін арттыруға арналуы керек. Алайда, бұл бір реттік акция емес. «Заң және тәртіп» апталығына азаматтардың құқықтық сана-сезімін көтеретін маңызды, жүйелі шара ретінде қараған жөн.

Екінші. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын күшейту қажет. Қылмыс оған қолайлы жағдай жасаған жерде өршиді. Қылмыстың және заңға қайшы әрекеттердің салдарынан ғана күресуге болмайды. Қылмысқа түрткі болатын себептерді алдын ала анықтап, жойып отыру қажет.

Менің тапсырмаммен «Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» Заң жобасы әзірленіп, Мәжілістің қарауына берілді. Жаңа заң аталған саладағы мемлекеттік саясатты біріздендіріп, профилактикалық шаралармен қамтылатын тұлғалардың санатын кеңейтеді. Мұндай заң сөзсіз керек. Сондықтан мейлінше тез қабылдау қажет. Парламент депутаттарынан заң жобасын жылдың соңына дейін қарап, қабылдауды сұраймын.

Заңнамалық өзгерістермен қатар, ұйымдық құрылымды да жаңғырту қажет. Ішкі істер министрлігі жүйесінде профилактикалық жұмыстарды үйлестіретін дербес бөлімше құратын уақыт келді.

Құқық қорғау органдарының тиімділігін бағалау жүйесінде де өзгеріс қажет. Онда құқық бұзушылықты ескерту бағытындағы жұмыс нәтижесі есепке алынуға тиіс. Қылмысқа көбінесе тұрмысы нашар отбасыдан шыққан адамдар барады. Алдын алу шараларын жүзеге асырғанда дәл осы санатқа айрықша назар аударған жөн. Бұл ретте әлеуметтік қорғау органдары мен жергілікті билік маңызды рөл атқарады.

Көптеген құқық бұзушылық ұқсас жағдайда, бірдей факторлардың әсерінен орын алады. Тиісті деңгейде талдау жасалса, оны дер кезінде ауыздықтауға болады. Басқаша айтқанда, қылмыс қаупін болжау және оған қарсы іс-қимыл жүйесін қайта қарау керек. Ол үшін Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің әлеуетін толық пайдаланған жөн. Аталған ведомство жай ғана есеп сақтайтын орын емес, қоғамдық қауіпсіздік саласындағы қауіп-қатерді анықтайтын және ескертумен айналысатын орталық болуға тиіс.

Жасанды интеллект пен «үлкен деректер» мүмкіндіктерін жұмылдыру қажет. Көп ұзамай іске қосылатын суперкомпьютерімізді осы мақсатта пайдалануға болады.

Жалпы, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласына цифрлық технологиялар мен басқа да озық шешімдерді енгізуді жалғастыру керек. Мұнда салалық министрлік негізгі рөл атқарады. Жұмыс үдерісін барынша цифрландыруды тапсырамын. Бұл тиімділікті арттырып, жемқорлық тәуекелдерін азайтады.Жасанды интеллект технологиялары құқық қолдану тәжірибесін стандарттауға көмектеседі. Бұл, өз кезегінде, бірдей қылмыстық әрекет мүлде әртүрлі бағаланатын және азаматтарды қылмыстық процесске негізсіз тартатын жағдайды болдырмауға мүмкіндік береді.Жыл басынан бері Президент Әкімшілігіне дәл осындай, яғни сотқа дейінгі іс жүргізу мәселесі бойынша үш мың шағым келіп түсті. Сондықтан цифрлық технологияның мүмкіндігін тиімді пайдалану қажет.

Мысалы, қазір елімізде іске қосылған «Заң мен тәртіп» платформасын Электронды үкімет пен танымал банк қосымшалары арқылы қолдануға болады. Осы цифрлық платформаның арқасында азаматтарымыз полицияға тікелей және жедел түрде хабарлама жолдай алады. Осылайша, кез келген құқық бұзушылыққа «мүлдем түзебеушілік» қағидатын іс жүзінде жүзеге асыруға ықпал етеді.

Мен Ақтөбе облысына сапарым кезінде Жедел басқару орталығында болдым. Орталықта жасанды интеллектінің көмегімен қаладағы ахуалға тәулік бойы бейнебақылау жүргізіледі. Полиция қызметінің тиімділігін арттыратын осындай орталықтарды еліміздің барлық қаласы мен ауданында ашу қажет. Әкімдер бұл жұмысқа белсенді түрде кірісуге тиіс.

Бұдан бөлек, «Қауіпсіз қала» ұлттық платформасын іске қосу керек. Бұл – қаладағы бейнебақылау құралдары енді адамның бет-жүзін анықтап, оның жүріс-

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН АЛҚА МӘЖІЛІСІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

тұрысына талдау жасап, көшедегі көлікті де есепке алады деген сөз. Мұндай озық технологиялар түрлі заңсыздықтың алдын алуға мүмкіндік береді, сол арқылы қоғамдық тәртіпті нығайта түседі.

Интернет және телефон алаяқтығының алдын алу мәселесіне арнайы тоқталғым келеді. Қылмыстың бұл түрі бүкіл әлемде белең алды. Көбіне мұндай іске тыңғылықты ұйымдасқан қылмыстық топтар барады. Олар шетелден әрекет ететіндіктен, тергеу амалдарын қиындатады. Сондықтан бұл ретте алдын алу шараларының мәні зор.

Өткен жылы Ұлттық банк жанынан заманауи антифрод-орталық ашылды. Олар күмен тудырған операцияларды анықтап, бұғаттап отырады.

Сонымен қатар өздеріне тиесілі инфрақұрылымды пайдалана отырып жасалған алаяқтық үшін банктер мен ұялы байланыс операторларына да жауапкершілік белгілеп жатырмыз.

Азаматтарымыздың жеке мәліметтерінің сенімді жерде сақталуын қамтамасыз ету өте маңызды. Халықтың қаржылық сауатын арттырып, қоғамда алаяқтардың әрекеттеріне иммунитет қалыптастыру үшін барлық деңгейдегі депутаттармен бірлескен жұмысты күшейткен жөн.

Алаяқтар ақшаны жылыстататын немесе сыртқа шығаратын құйтарықы айлаларына адамдарды алдап түсіреді. Бұл да үлкен проблемаға айналды. Азаматтарымыз пайдаға кенелеміз деп оларға банк есепшоттарын беріп қояды. Бірақ бұл әрекеттерінің салдары қандай ауыр болатынын ойлай бермейді. Соңғы бір жарым жылда 50 мыңнан астам адам осындай жағдайға душар болды. Өкінішке қарай, олардың басым бөлігі – жастар. Бұл мәселеге қатысты шұғыл шара қабылдау керек. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі банктермен бірге осындай шоттарды алдын ала анықтап, бұғаттайтын тиімді жүйені жолға қойғаны жөн.

Аталған мәселенің бір ұшы бақылаусыз сим-карта айналымына келіп тіреледі. Тек биылдың өзінде сим-карталарды басқа біреудің атына рәсімдеген 100 мыңға жуық факті анықталды. Нөмірлерді түрлі қылмыстық мақсатқа пайдаланады. Үкіметке уәкілетті органдармен бірлесіп сим-карталарды сату тәртібін реттеуді және оларды таратқаны үшін мобильді операторлардың жауапкершілігін күшейтуді тапсырамын.

Үшінші. Қылмыстық-атқару жүйесін ізгілендіру, жетілдіру үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Осыдан үш жыл бұрын елімізде жалпыұлттық референдум өтті. Азаматтарымыздың көпшілігі Ата заңға түзету енгізуді қолдап дауыс берді. Реформаның нәтижесінде еліміздің саяси құрылымы түбегейлі жаңғырды. Адам құқықтарын қорғау жүйесінде ауқымды өзгерістер жасалды. Конституциялық Сот құрылды. Адам құқықтары жөніндегі уәкілге конституциялық мәртебе берілді. Оның құзыреті кеңейді. Әлім жазасы біржола алынып тасталды. Мұның бәрі – Конституциямызға тән ізгілік рухының көрінісі. Себебі Ата заңымызға сәйкес адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары, бұл – ең қымбат қазына.

Биыл Конституцияның қабылданғанына 30 жыл толады. Осыған орай, құқық қорғау құрылымдары, депутаттар мен құқық қорғаушылар сотталған азаматтарға рақымшылық жасау туралы бастама көтерді. Парламент тиісті заңды қарады, мен бұл заңға қол қойдым. Осы ізгі шараның арқасында жазасын өтеп жатқан 15 мыңнан астам адамға амнистия жарияланды. Соның екі мыңнан астамы бостандыққа шығады. Қалғандарының жаза мерзімі қысқарады. Онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс жасағандар ғана рақымшылыққа ілінеді. Ең алдымен, әлеуметтік жағынан осал топқа жататын адамдарға, яғни, баласы бар әйелдерге, егде адамдарға, көмелет жасына толмағандарға және осы санаттағы басқа да азаматтарға көшіріп беріледі. Мұны жаза басқан жандарға жасалған нақты көмек, олардың қоғамға қайта оралуына жағдай жасау деп түсінуге қажет. Әл-Фарабидің сөзімен айтсақ, бұл – шын мәнінде қайырымды елге тән сипат.

Мемлекет шалыс қадам басқан азаматтан теріс айналмайды, тек оның тура, дұрыс жолға түсуіне жәрдем береді. Өйткені, әділетті елдің соты – әділ, ниеті түзу болуға тиіс. Бірақ рақымшылық жасау дегеніміз, бұл – барлық мәселенің шешімі емес, бір реттік қана шара екенін түсінген жөн.

Сондықтан осы бағытта нақты нәтиже болу үшін қылмыстық атқару жүйесін барынша жетілдіру қажет. Негізгі мақсат

– сотталған адамды қоғамнан алшақтату емес. Тиісті тәрбие жұмысын жүргізу өте маңызды. Олардың бойына заң мен тәртіп құндылығын сіңіретін және қалыпты өмірге оралуына ықпал ететін озық тәсілдерді енгізу керек.

Мәселен, кейбір елде жазасын өтеушілер «қамау мерзімін қысқартуға» мүмкіндік беретін шараларды қолдана алады. Абақтыда ескерту алмаған, жаңа білім игерген, спорттық-мәдени шараларға қатысқан адамдарға осындай жеңілдік беріледі. Үкімет Бас прокуратурамен бірлесіп, осы мәселені мұқият пысықтауы қажет. Шетелдің озық тәжірибесін зерттеген жөн. Бұл жұмысқа отандық сарапшыларды да тарту қажет.

Жазасын өтеп жүргендерді қалыпты өмірге дайындаудың тағы бір тиімді жолы – еңбекпен, яғни, жұмыспен қамту. Бұл бағытта біраз түйткілдер бар, нақты шаралар қолдану керек. Осы орайда біздің кәсіпкерлеріміз жазасын өтеу мекемелерінің жанынан түрлі кәсіпорын ашу мүмкіндігін қарастыруы керек деп ойлаймын. Мұндай серіктестік шетелде кең тараған. Бұл шараның екі жаққа да тигізер пайдасы мол. Жазасын өтеп жүргендердің тапқан табысы бостандыққа шыққан соң олардың қалыпты өмірге оралуына көмектеседі. Ал өндірісте меңгерген дағдысы жақсы жұмыс табуына жол ашады.

Жалпы, бизнес өкілдері қылмыстық-атқару жүйесімен жан-жақты ықпалдастық орнату жолдарын мұқият саралағаны жөн. Мысалы, еліміздегі компанияның бірі өз қаржысын жұмсап, Алматыда көмелет жасына толмаған құқық бұзушыларға арналған заманауи тәрбиелеу мекемесін салып жатыр. Үкімет мұндай тәсілді белсенді түрде қолдануы керек, басқа компанияларды осындай серіктестікке тарту қажет.

Біз қазір қылмыстық жаза саясатын мейлінше ізгілендіруге, жетілдіруге баса мән береміз, яғни бас бостандығынан айырудан бөлек жаза түрлеріне басымдық беріледі. Бұл пробация қызметіне анағұрлым көп салмақ түседі деген сөз. Сондықтан аймақ әкімдері осы салада жұмыс істейтін адамдардың әлеуметтік жағдайын біртіндеп жақсарту жолдарын қарастыруы керек. Сондай-ақ пробациялық қызметтің материалдық-техникалық базасын нығайтуды қолға алу қажет. Пробациялық бақылауды тиімді жүргізуге септігін тигізетін цифрлық шешімдерді белсенді түрде енгізген жөн.

Жалпы, біз кез келген мәселенің салдарымен емес, себебімен күресуіміз керек. Қылмыстық-атқару жүйесінің басты мақсаты тек жазалау деген түсініктен арылу қажет. Қателік жасап, қамауға түскен адамды жанынып, басып тастауға тырысу – дұрыс емес, біз ондай адамның тура жолға түсіп, түзеліп кетуіне қол ұшын беруіміз керек. Бәріміз бір ел болып өркениетті, озық және әділетті қоғам құрып жатырмыз. Заң да, сот та – әділ болуға міндетті. Бұл – мызғымас қағида.

Төртінші. Құқық қорғау органдарының жұмысына сервистік модель қағидаттарын кеңінен енгізіп, кадрлық әлеуетін күшейту қажет.

Полиция мен басқа да құрылымдар билік және қоғам арасын байланыстыратын алтын көпір болуға тиіс. Ол үшін «Мемлекет пен азамат – біртұтас» деген іргелі қағидатымызға толық сай келетін халықпен қарым-қатынастың жаңа мәдениетін қалыптастыру керек. Бұл бағытта ілгерілеу бар. Бірақ қабылданған шаралар әлі тиімділігін көрсетпеді, өйткені бірізділік жоқ. Халықпен тікелей жұмыс істеуге кедергі келтіретін басы артық бюрократиядан арылу керек.

Реформалардың шынайылығына, әділдікке және мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігіне азаматтардың сенімі көбіне құқық қорғау органдарының кәсіби деңгейіне байланысты.

Учаскелік инспекторлардың әлеуетін одан әрі нығайту қажет. Себебі олар іс жүзінде мемлекет мен қоғам арасындағы басты дәнекер саналады. Әсіресе, бұл ауылдық жерде анық байқалады. Өйткені жергілікті тұрғындар үшін учаскелік инспектор – қорғаушы, құқықтық кеңесші, тіпті, әділдік сұрап жүгінетін соңғы инстанция.

Менің ойымша, ауылдағы учаскелік инспекторларға шен берген кезде жеңілдік жасап, яғни бір жылдық еңбек өтілін 1,5 жыл деп есептеу қажет. Ауылдағы учаскелік инспекторларды баспанамен қамтып, материалдық-техникалық базасын нығайту керек. Өңір әкімдері осы мәселеге мұқият назар аударғаны дұрыс.

Учаскелік полицияны жаңғыртумен қатар патрульдік бекеттер қызметінің жұмысын қайта қарау қажет. Патруль қызметкерлері азаматтармен жұмыс

барысында әдеп сақтап, кәсібилік танытқаны жөн. Өз кезегінде азаматтар да полицияның заңды талабына бағынуға міндетті. Әйтпесе көшеде тәртіп болмайды.

Жалпы азаматтардың қауіпсіздігі мен заң талаптарын мүлтіксіз сақтау үшін құқық қорғау жүйесін одан әрі реформалау керек. Бірақ реформалар реформа үшін ғана жасалмайды. Басты мақсат – қоғамның құқық қорғау жүйесіне сенімін арттыру. Кейбір қызметкерлердің әділетсіз немесе неміқұрайды әрекеті күштік құрылым өкілдерінің атына кір келтіреді.

Азаматтар мен бизнестен заңды талап еткенде, өздеріңіз лайықты үлгі көрсетулеріңіз қажет. Сонда ғана полиция қызметкерлері мен азаматтар арасында сенімді әріптестік орнайды. Құқық қорғау органдарының қызметін жетілдіру қаншалықты табысты болатыны сіздерге байланысты.

Бұл ретте мемлекет қоғам қауіпсіздігі мен елдегі заң үстемдігін қамтамасыз ететін жандарды жан-жақты қолдауға әрқашан айрықша мән береді. Менің тапсырмаммен биылдан бастап күштік құрылымдар еңбекақы төлеудің жаңа жүйесіне көшті. Бұл тәсіл, ең алдымен, аудан деңгейіндегі қызметкерлердің жалақысын көтеруге мүмкіндік берді. Мәселен, үш жылдық тәжірибесі бар полиция жедел уәкілінің еңбекақысы 60 пайызға өсті. Біз тәртіп сақшыларын құқықтық және әлеуметтік тұрғыдан қорғау үшін көшенді шаралар қабылдаймыз.

Ведомстволық жоғары оқу орындары курсанттарына жағдай жасап, ынталандыру маңызды. Олар – біздің күштік құрылымдардың болашағы. Оқуда үздік нәтиже көрсеткен және үлгілі тәртібімен ерекшеленген академия түлектеріне бірден «аға лейтенант» шенін беру қажет деп санаймын. Сондай-ақ оларға бос жұмыс орындарынан өзі қалаған қызмет түрін таңдауына мүмкіндік берілуі керек. Үкімет заңға енгізілетін өзгерістерді әзірлесін.

Құқық қорғау органдарында үздіксіз әрі мінсіз қызмет атқарғандарға «құрметті қызметкер» атағы беріледі. Алайда кейбір құрылымдарда бұл жоғары атақ басшыларға ғана бұйырады. Қатардағы қарапайым қызметкерлер арасында ұзақ жылдар бойы кәсіби борышын адал атқарып жүрген лайықты кандидаттар жеткіліксіз. Қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттырып, моральдық рухын күшейту маңызды.

Былытр Президент Әкімшілігінің бастамасымен құқық қорғау органдарының кадрлық құрамын цифрлық бағалау жүйесі енгізілді. Бұл объективті дербес рейтинг қалыптастыруға мүмкіндік берді. Құқық қорғау органдарының басшыларына қызметкердің лауазымын жоғарылатқанда және көтермелегенде негізінен цифрлық бағалау сүйенуді тапсырамын.

Тағайындаулар біреуге бүйрегі бұратын субъективті шешімге емес, лайықты еңбекке, нақты көрсеткіштер мен кәсіби жетістіктерге негізделуге тиіс. Өйтсе де, Ли Куан Ю айтқандай ішкі түйсікке де иек артқан жөн. Әрбір офицер адал қызметінің лайықты бағаланатынына сенімді болуы керек.

Жалпы, бүгінгі айқындалған бағыттар құқықтық тәртіп пен заңдылықты сақтаудың жаңа моделін қалыптастыруды көздейді. Институттық реформалар мен технологиялық жаңашылдықтарды ұштастыра отырып, құқық қорғау органдарын одан әрі жаңғырта беруіміз керек. Мен бір апта ішінде құқық қорғау органдарындағы олқылықтардың барлығы көрсетілетін материал дайындау жөнінде тапсырма бердім. Мұнда қызметке де байланысты кемшіліктер бар. Сондықтан біз бүгін ол туралы егжей-тегжейлі айтпаймыз. Дегенмен мәселенің шет жағасы қозғалды. Бір апта ішінде құжат барлық құқық қорғау органына жіберіледі. Одан кейін біз жабық форматта жиын өткізіп, жұмыс барысын талқылаймыз.

Сіздер қылмысқа қарсы күрес пен қоғамдық тәртіпті сақтау ісін өмірлік миссия ретінде таңдап, адал қызмет етіп келесіздер. Бұл – қиындығы көп болғанымен, елге қажетті әрі абыройлы жұмыс. Осы құрделі жолды нағыз отаншыл адамдар таңдайды. Сіздер әр азаматтың жайлы өмір сүруіне, бизнестің тұрақты дамуына, балалардың бақытты әрі алаңсыз өсуіне орасан зор үлес қосып жүрсіздер.

Еліміздегі ірі қалалармен қатар, шалғай елді мекендердегі қоғамдық қауіпсіздік – құқық қорғау органдары қызметкерлерінің тынымсыз еңбегінің арқасы. Осындай тұрақтылық пен тыныштықтың артында

Заң мен тәртіп үшін жасалған ерен ерлік бар.

Халқымыз құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ерлігін бағалайды мақтан тұтады, әрқашанда қолдайды. Жақында күштік құрылымдарымыз Алматы облысында ірі есірткі зертханасын жойды. Маңғыстау облысында транспұлттық деңгейдегі ұйымдасқан қылмыстық топ құрықталды. Соның нәтижесінде есірткі бизнесіне мықты тосқауыл қойылды. Арнайы операцияларға қатысқан мамандар жоғары мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Сіздердің күнделікті жұмыстарыңыз қауіп-қатерге толы. Өкінішке қарай Тәуелсіздік жылдарында 842 азамат қызметтік міндетін орындау кезінде қазаға ұшырады, 4,5 мың адам жарақат алды.

Бүгін біз қаза болған ерлеріміздің жақындарына марапат тапсырамыз. Ержүрек сақшылардың ерлігі халыққа жанқиярлықпен қызмет етудің үлгісі ретінде жұртымыздың жадында сақталуға тиіс.

Осы орайда, мен мекемелік наградаларға қызмет бабында қаза болған қаһармандардың есімін беру мәселесін қарастыруды ұсынамын. Сондай-ақ көшелер мен құқық қорғау мекемелерін батырлардың атымен атауға болады.

Мұндай тәжірибе елімізде бұрыннан бар. Лаңкесті ұстау кезінде ерлікпен қаза тапқан Халық қаһарманы Ғазиз Байтасовтың есімі Тараздағы орталық көшелердің біріне берілді. Сондай-ақ қаладағы оқу-жаттығу полигоны да батырдың атымен аталған. Таяуда оның өмірі мен ерлігі туралы «Капитан Байтасов» атты көркем фильм көрермен назарына ұсынылmaq.

Өрт сөндіру кезінде опат болған Асқар Забикулин де елдің есінде. Астанадағы Өрт сөндіру бөліміне және сол бөлім орналасқан көшеге оның есімі берілді. Бұл азаматтарды нағыз бейбіт күннің батырлары деуге болады. Олар ақтық демі қалғанша атқа адал болды, қызметтік парызын өтеу жолында өз өмірлерін құрбан етті.

Елге және заңға қызмет етуге бел буған әрбір азамат адамгершілік пен әділдік құндылықтарын басшылыққа алады. Қылмысқа қарсы күресті қастерлі парыз деп санайды. Мұндай қасиеттер адамға, ең алдымен, отбасындағы тәрбие арқылы беріледі. Құқық қорғау саласында ата-ананың жолын қуып, отбасы дәстүрін жалғастырып жүрген қызметкерлер аз емес. Қазір біз үш атадан бері тәртіп сақшысы болған Зайнулиндер әулетінің өкілдерін марапаттаймыз. Мен бүгін барша құқық қорғау жүйесінің ардагерлеріне зор алғыс айтамын. Сіздердің мінсіз қызметтеріңіз – өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге.

Жалпы, заң мен тәртіп ұғымы көшедегі тазалық пен қауіпсіздік сияқты қарапайым нәрседен басталады. Жергілікті билік, бизнес және қоғам белсенділері ортақ мүдде жолында күш біріктіріп жұмыс істесе, қоғамдағы заң мен тәртіп те нығая түседі. Қазір Ақмола облысында «Зиялы қауым» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Ауыл әкімдері, ақсақалдар және шаруа қожалықтарының басшылары бірлесіп, учаскелік инспекторларға қолғабыс етуде. Жергілікті азаматтардың осындай үлгілі ісіне қолдау көрсету керек. Бұл – азаматтық жауапкершіліктің айқы көрінісі.

Сондай-ақ бүгін мен бес жылда бірде-бір қылмыс тіркелмеген бірқатар ауылдың ақсақалдарын марапаттаймын. Құқық қорғау органдарының көп жұмысы сырт көзге көріне бермейді. Жедел қызметкерлер, тергеушілер, прокурорлар, криминалистер, патруль қызметкерлері, учаскелік инспекторлар мен басқа да құрылым қызметкерлері күн сайын ел тыныштығын қас қақпай күзетуде. Ешқандай қауіп-қатерге қарамастан, Отан үшін жасап жатқан адал қызметтеріңізге зор ризашылығымды білдіремін. Мен Сіздерге сенемін! Әрқайсысыңыз мықты маман, отаншыл әрі адал азамат деген атқа лайықсыздар.

Өрине, құқық қорғау мекемелерінің жұмысында ешқандай қателік немесе жетіспеушілік жоқ деп айтуға болмайды. Бірақ қара бұлтты төндірудің де қажеті жоқ. Бәріміз бір ел, бір халық болып Қазақстанымыз үшін қызмет етіп, табанды жұмыс істеуіміз керек. Бұл – баршамызға ортақ ұлттық парыз, азаматтық борыш. Қазақстан қауіпсіз, заң мен тәртіпке бағынатын ел болуы керек.

Сондықтан менің тапсырмам бойынша Президент Әкімшілігі мен Қауіпсіздік Кеңесі бір аптаның ішінде Құқық қорғау органдарының жұмысы туралы арнайы талдау дайындауы керек. Барлық түйткілдерді ашық түрде көрсетеді, мәселелерді шешу жолдарын ұсынады. Бұл – өте маңызды жұмыс, оны жалғастыру қажет. Түптеп келгенде, біздің басты бағдарымыз – айқын. Бұл – заң мен тәртіп қағидаты.

Қызметтеріңізге табыс тілеймін!

akorda.kz

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕГІ 12%-ҒА ҚЫСҚАРДЫ



Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында медициналық ұйымдардағы оң динамиканың сақталуы қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі жұмыстың нәтижесі екенін атап өтті.2024 жылдың басында 537 медициналық ұйым бойынша кредиторлық берешек көлемі 82,3 млрд теңгені құрады.

«Медициналық ұйымдарды қаржылық сауықтыру бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде тұрақты оң динамика байқалып отыр. Былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда кредиторлық берешек 12%-ға төмендеп, 111,6 млрд теңгеден 98,4 млрд теңгеге дейін азайды. Атап өтерлігі, мерзімі өтіп кеткен берешек көлемі үштен бірінен де көп мөлшерге – 21 млрд теңгеден 13,4 млрд теңгеге дейін қысқарды. Бұл көрсеткіштер Денсаулық сақтау министрлігінің дер кезінде қабылдаған шараларының, соның ішінде қаржылық тұрақтылықты арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының бекітілуі мен аймақтық денсаулық сақтау басқармаларын тарта отырып, берешек пен жалақы төлеміне мониторинг жүргізудің нәтижесінде мүмкін болды», – деді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басқарма төрағасының орынбасары Индира Саркенова.

Кешенді тәсіл аясында бірқатар шаралар қабылданды. 2024 жылдың мамыр айында жыл соңына дейін кредиторлық берешектің өсу қаупі бар медициналық ұйымдарды анықтау мақсатында 30 мекеме бойынша қаржылық көрсеткіштерге талдау жүргізілді. «Медициналық ұйымдардың кредиторлық берешегін оңтайландыру арқылы қаржылық тұрақтылығын арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары» бекітіліп, қысқа мерзімді және жүйелі шаралар көзделді. Сонымен қатар медициналық қызметкерлерге еңбекақыны уақытылы төлеу мен медициналық ұйымдардың кредиторлық берешегіне мониторинг жүргізу тәртібі бекітіліп, өңірлік денсаулық сақтау басқармаларының қатысуымен іске асырылуда. Медициналық қызметкерлерге еңбекақыны уақытылы төлеу мен медициналық ұйымдардың кредиторлық берешегіне мониторинг жүргізу тәртібі бекітілді. Бұл жұмысқа өңірлік денсаулық сақтау басқармалары тартылған.

Аталған шаралар медициналық ұйымдардағы қаржылық қиындықтарға жедел әрекет етуге мүмкіндік беріп, жағдайды тұрақтандырумен қатар, елдің денсаулық сақтау жүйесінде қаржылық тәуекелдерді басқарудың орнықты тетіктерін қалыптастыруға негіз болды.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ



Ауданымызда Медицина қызметкерлері күніне орай салтанатты шара өтті. Қоғам игілігі үшін аянбай еңбек етіп жүрген ақ халатты абзал жандарды кәсіби мерекелерімен аудан әкімі Ахметов Елдос Тұрсынбайұлы арнайы құттықтап, жылы лебізін білдірді.

— Денсаулық сақталу саласының дамуы – ел болашағының кепілі. Осы жолда сіздердің

қажырлы еңбектеріңіз айрықша. Сіздер – адам өмірі мен денсаулығы үшін күресте алдыңғы шепте жүрсіздер. Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге жеміс тілеймін, – деді аудан басшысы.

Сондай-ақ шара барысында «AMANAT» партиясы Ескелді аудандық филиалының төрағасы Серік Мирас Серікұлы сөз сөйлеп, медицина саласы қызметкерлерін мерекемен құттықтады.

Ол «AMANAT» партиясының атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібектің, Жетісу облыстық филиалының төрағасы Арын Арыстанғали Қадырұлының және аудандық филиал атынан жылы лебізін жеткізіп, алғыс хаттарын табыстады.

Қоғамның денсаулығы үшін өлшеусіз еңбек етіп жүрген дәрігерлер мен мейірбикелерге алғыс хаттар табысталып, құрмет көрсетілді.

Аталған шара аудан көлеміндегі барлық медицина қызметкерлерінің еңбегіне деген ризашылықтың белгісі ретінде ұйымдастырылды. Кәсіби мерекеге орай жылы сөздер мен марапаттар, көтеріңкі көңіл-күй мен шынайы алғыстар айтылып, ерекше атмосфера қалыптасты.

АУЫЗ СУДЫҢ ГИГИЕНАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ МЕН РАЦИОНАЛДЫ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Су – табиғаттағы ерекше зат. Ол өсімдіктер мен жануарларды нәрмен толықтырады, адам да 70% судан тұрады. Табиғи сулардың құрамы мен қасиеттері халықтың денсаулығына тікелей және жанама әсер етуі мүмкін.

Ауыз суды гигиеналық бағалау кезінде оның тұз құрамының адам ағзасына әсері ескеріледі. Минералданған суларды ұзақ уақыт пайдалану су-тұз балансына, ас қорыту жүйесінің функционалды қызметіне, организмнің даму қызметіне және басқа физиологиялық процестердің бұзылуына теріс әсер етуі мүмкін.

Минералданбаған суды ұзақ уақыт пайдалану ағзаның физиологиялық функцияларының бұзылуына әкеп соғады, асқазан сөлінің секрециясы мен оның қышқылдығының жоғарылауы, асқазан-ішек жолындағы судың сіңу процестерінің өзгеруі, ішектің шырышты қабығының бұзылуы. Минералданбаған суларды ұзақ уақыт тұтынған кезде қандағы кальций, фосфор, сілтілі фосфатазаның төмендеуі дамиды.

Жер бетіндегі химиялық ластанумен ластану қаупі бар сумен жабдықтау көздері олар ашық су айдындары (өзендер, көлдер) болуы мүмкін.

Су жұқпалы және паразиттік ауруларды тудыратын көптеген микроорганизмдердің, бактериялардың, гельминттердің көбеюі мен дамуы үшін қолайлы орта бола алады. Судың микробтармен ластануы көптеген жолдармен жүреді. Олардың ішіндегі ең көп тарағаны – ағынды сулардың ластануы- адамдардан қалған қалдықтар. Жануарлар шикізатын өңдейтін өнеркәсіптік кәсіпорындардан кәріз ағындары ерекше қауіп төндіреді.

Сонымен қатар, ластану нәсер жаңбыр мен қардың еруі кезінде жер үсті суларымен, сондай-ақ жер асты суларымен болуы мүмкін. Микробтармен ластанған су жұқпалы аурулардың таралу факторына айналады және ең қауіпті болып саналады. Су арқылы берілетін аурулар тобы өте кең. Мұның бәрі ішек аурулары: дизентерия, гепатит, энтероколит, тырысқақ, іш сүзегі, паратифтер, сонымен қатар көптеген гельминтоздар, полиомиелит, туляремияның кейбір түрлері.

Су бірқатар тері аурулары мен шырышты қабаттардың қоздырғыштарының берілу факторы болуы мүмкін. Жұқпалы аурулардың қоздырғыштары Судан адам ағзасына әртүрлі жолдармен, бірақ көбінесе ауыз арқылы, сондай-ақ зақымдалған тері мен шырышты қабаттармен енеді.

Е.СЕЙСЕМБИНОВ,
Ескелді аудандық СЭББ басшысы

УЛЫ ХИМИКАТТАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ОЛАРДАН ҚОРҒАНУ

Улы химикаттар (пестицидтер) – бұл адам денсаулығына белгілі бір дәрежеде қауіпті, ағзаға ену жолына қарамастан (ауыз, тері немесе тыныс алу мүшелері арқылы) өзінің уытты әсерін көрсететін химиялық заттар, сондықтан олармен жұмыс істеу кезінде сақтық шараларын қатаң сақтау қажет.

Маусымдық өңдеу жұмыстарын жүргізу кезінде улы химикаттармен улануды болдырмау үшін санитариялық-гигиеналық нормаларды, қауіпсіздік ережелерін сақтау маңызды:

1) Улы химикаттармен жүргізілетін барлық жұмыстарға 18 жасқа толған, медициналық тексеруден өткен және осы жұмыстарға рұқсат берілген адамдар жіберіледі. Емізетін және жүкті әйелдерді, жасөспірімдерді және жазылмайтын жаралары бар адамдарды машиналарға қызмет көрсетуге жіберуге тыйым салынады.

2) Шаруашылық басшылары жұмыс істейтіндердің барлығын арнайы киіммен, аяқ киіммен, қолғаппен, респиратормен, қорғаныш көзілдірікпен қамтамасыз етуге тиіс. Әр қызметкерге жеке қорғаныс құралдарының жиынтығы беріледі, оларды қайта-қайта залалсыздандырып отыру керек, әйтпесе олар қолдың, беттің, дененің, көздің шырышты қабығының және тыныс алу жолдарының ластану көзі болуы мүмкін.

3) Улармен жұмыс істеу кезінде темекі шегуге, тамақ ішуге тыйым салынады.

4) Жұмыс аяқталғаннан кейін жұмысшылар қолдарын сабынмен мұқият жуып, шаңды улармен жұмыс істегеннен кейін құлақтарын, мойнын жуып, аузын шаю керек.

5) Күндізгі тапсырманы орындау кезінде пайдаланылмаған улардың қалдықтарын қоймаға тапсыру қажет.

6) Жұмыс орнында алғашқы көмек көрсету үшін улы химикаттармен уланған жағдайларда қажетті көмек көрсету құралдарының жиынтығы бар дәрі қобдишасы болуы тиіс.

7) Улы химикаттарды тасымалдау кезінде улы химикаттармен бірге адамдарды, сондай-ақ тамақ және жем өнімдерін тасымалдауға үзілді-кесілді тыйым салынады. Улы химикаттарды тасымалдағаннан кейін көліктер мұқият тазаланып, залалсыздандырылуы керек.

8) Өндірістік (кәсіптік улану) жағдайларының алдын алуда уытты заттармен байланысы бар жұмыстарға түсетін адамдарды міндетті алдын ала медициналық қарап-тексеру және жұмысшылардың денсаулығы тарапынан бұзушылықтарды анықтау мақсатында осы адамдарды кейіннен мерзімді медициналық қарап-тексеру үлкен рөл атқарады.

9) Машиналарда қызмет көрсететін жұмысшыларға (механизаторларға және т.б.) улы химикаттармен жұмыс істеу кезінде ережелер мен сақтық шаралары туралы нұсқау берілуі тиіс.

Күнделікті өмірде улы химикаттарды қатаң түрде нұсқауларға сәйкес қолдану керек, белгілі бір ережелерді сақтай отырып, балалар мен үй жануарларының қолы жетпейтін жерлерде сақтау керек. Егер препарат сізге күмән тудырса, оны қолданбаған дұрыс.

Улы химикаттармен уланудың жалпы белгілеріне құсу, жүрек айну, бас ауруы және іштің ауыруы, тыныс алудың бұзылуы, жүрек қызметі, құрысулар, көптеген органдардың жеткіліксіздігі құбылыстары жатады, яғни олардың біреуінің істен шығу белгілері бастапқыда басым болатын бірнеше жүйелердің бір мезгілде немесе дәйекті зақымдануы.

Уланудың алғашқы белгілерінде жедел жәрдем шақыру қажет. Жоғарыда аталған барлық ережелерді сақтау кезінде ғана пестицидтермен уланудың алдын алуға болады.

Е.СЕЙСЕМБИНОВ,
Ескелді аудандық СЭББ басшысы

САПАЛЫ АУЫЗ СУ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ



Су адам өміріндегі ең қажетті зат болып табылады. Ол –аудан кейінгі ағза үшін ең қажетті компонент. Су адам ағзасында минералды заттарды, дәрумендерді қорытып, әр түрлі үрдістерге қатысады. Оның құрамындағы химиялық элементтердің біреуінің жоқ болуы, жетіспеушілігі немесе шамадан тыс көп болуы, фтордың жетіспеушілігі де адам ағзасындағы қалыпты жағдайды бұзады. Сондықтан суды тіршілік көзі деп бекер айтпаған. Себебі алғашқы тіршілік судан басталады. Адам организмі 86 пайыз судан тұрады, ағзадағы қанның негізгі құрамы су болып табылады. Таза суды тұтыну ішкі органдардың қалыпты жұмысын қамтамасыз етеді.

Адам өмірі үшін су тек қана ішу үшін емес, тамақ әзірлеуге, жеке бас гигиенасын сақтауға және әр түрлі тұрмыстық, өндірістік мақсаттарға қажет. Біздің күнделікті пайдаланып отырған суымыздың сапасы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы №26 бұйрығымен бекітілген «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстықпайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №ҚР ДСМ-138 бұйрығымен бекітілген «Ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық суды пайдалану қауіпсіздігі көрсеткіштерінің гигиеналық нормативтерін бекіту» туралы гигиеналық нормативтік көрсеткіштерге сәйкес болуы керек.

Су тазарту қондырғыларында санитариялық қағидалар талаптарының сақталуы, тұрғындар арасында су арқылы жұғатын жұқпалы жіті ішек ауруларының алдын алу шараларын жүргізу, су тазарту қондырғыларында тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, су тазарту қондырғыларында мембранды технологиялық тазарту қондырғыларының үздіксіз жұмыс жасауы, су тарату желілерінде техникалық ревизия жүргізу, санитариялық қағидалар талаптарының сақталуы басты назарда болуы қажет. Барлық су тазарту қондырғыларында дайындалған суға өндірістік бақылаудың орнатылуы, су құбыры желілерінде жуу-тазалау, дезинфекциялау жұмыстарының жүргізілуі, қызметкерлер арнайы киіммен және қорғаныш құралдарымен қамтылып, медициналық бақылаудан өтуі қажет.

Е.СЕЙСЕМБИНОВ,
Ескелді аудандық СЭББ басшысы

КРЕДИТОРСКАЯ ЗАДОЛЖЕННОСТЬ МЕДОРГАНИЗАЦИЙ СОКРАЩЕНА НА 12%



Фонде социального медицинского страхования отметили, что устойчивая положительная динамика в медицинских организациях является результатом проведенной системной работы по финансовому оздоровлению. В начале 2024 года кредиторская задолженность медицинских организаций составляла 82,3 млрд тенге по 537 медицинским организациям.

«По итогам проведенной работы в сфере финансового оздоровления

прошлого года — с 111,6 млрд до 98,4 млрд тенге. Важно отметить снижение просроченной задолженности более чем на треть — с 21 до 13,4 млрд тенге. Это стало возможным благодаря своевременным мерам Министерства здравоохранения, включая принятие Плана мероприятий по повышению финансовой устойчивости и введение мониторинга задолженности и заработной платы с участием региональных управлений здравоохранения», — сообщила заместитель

председателя правления Фонда социального медицинского страхования Индира Саркенова.

Комплексный подход включал ряд мер. В мае 2024 года был проведен анализ финансовых показателей по 30 медицинским организациям для выявления потенциальных рисков увеличения кредиторской задолженности до конца текущего года. Утвержден «План мероприятий по улучшению финансовой устойчивости через оптимизацию кредиторской задолженности медицинских организаций с краткосрочными и системными мерами. Утвержден порядок мониторинга своевременной выплаты заработной платы медицинским работникам и кредиторской задолженности медицинских организаций с привлечением управления здравоохранения регионов.

Данные меры позволили оперативно реагировать на финансовые проблемы медицинских организаций и не только стабилизировать ситуацию, но и обеспечить условия для устойчивого управления финансовыми рисками в системе здравоохранения страны.

**Филиал по области Жетісу
НАО «Фонд социального
медицинского страхования»**

ПАЦИЕНТТЕРДІҢ ШАҒЫМДАРЫ 11,7%-ҒА АЗАЙДЫ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында халық тарапынан МӘМС жүйесіндегі медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігіне қатысты шағымдардың азаюына ықпал еткен шаралар туралы баяндалды.

2025 жылдың алғашқы бес айында Қорға барлығы 10 363 шағым түсті, олардың 5 073-і қайтарылып алынды. Бұл көрсеткіш 2024 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 11,7%-ға төмен. Ол кезде 11 745 шағым тіркелген еді (5 167 қайтарылған).

«Азаматтардың шағымдарын азайту және медициналық қызмет сапасын жақсарту бағытындағы жүйелі жұмыс нәтижесінде оң нәтижеге қол жеткізілді. Осы мақсатта Қор медициналық ұйымдар базасындағы пациенттерді қолдау қызметтерімен бірлесіп жұмыс істейді. Қор бұл қызметтердің мамандарының кәсіби деңгейін арттыру үшін ай сайын оқыту сессияларын ұйымдастырады», — деді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басқарма төрағасының орынбасары Индира Саркенова.

Оқытулар негізгі бағыттарды қамтиды — беделді басқару (репутациялық менеджмент), этика және деонтология, ҚР медицина қызметкерлерінің ар-намыс кодексі. Сессия барысында нақты келіп түскен шағымдар талданып, қаралады. Бұл теориялық білімді



тәжірибеде қолдануға, сондай-ақ халық тарапынан сенімді арттыруға мүмкіндік береді.

Халықпен кері байланысты күшейту және еліміздегі медициналық көмектің сапа стандарттарын арттыру жұмыстары жалғасуда.

Ескесаламыз: Егер сіз медициналық көмек алу кезінде мәселе туындаса, дәрігердің ем тактикасына қатысты шешімімен келіспесеңіз немесе МӘМС жүйесіндегі мәртебеңізге қатысты сұрақтарыңыз болса, Пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметіне жүгіне аласыз. Аталған қызмет әрбір медициналық

ұйымда жұмыс істейді. Оның жұмысы Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексімен, сондай-ақ ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-230/2020 бұйрығымен реттеледі («Медициналық қызметтердің (көмектің) сапасына ішкі және сыртқы сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы»).

**«Әлеуметтік медициналық
сақтандыру қоры»
КЕАҚ Жетісу облысы
бойынша филиалы**

ДОЛГОСРОЧНЫЙ РОСТ: ЧИСТЫЙ ИНВЕСТИЦИОННЫЙ ДОХОД С 2014 ГОДА СОСТАВИЛ 11,67 ТРЛН ТЕНГЕ



С момента объединения пенсионных активов в ЕНПФ в 2014 году по состоянию на 1 июня 2025 года объем накопленного чистого инвестиционного дохода достиг 11,67 трлн тенге. С учетом произведенных выплат доля накопленного чистого инвестиционного дохода в общем объеме пенсионных накопленных казахстанцев по состоянию на 01.06.2025 г. составляет 39,6%, что свидетельствует о значимой роли инвестиционной деятельности в формировании пенсионных сбережений граждан.

Следует подчеркнуть, что доходность пенсионных активов за отдельные краткосрочные периоды времени не явля-

ется показателем эффективности их управления, т.к. доходы в виде вознаграждения по финансовым инструментам и другим операциям, начисленные за короткий промежуток времени, не всегда покрывают колебания стоимости ценных бумаг и курсов валют за данный период. Поэтому объективную оценку инвестиционного дохода целесообразно проводить за период не менее одного года.

Несмотря на краткосрочные колебания, доходность пенсионных активов, управляемых НБРК и сформированных за счет обязательных, обязательных профессиональных и добровольных взносов, за последние 12 месяцев с июня 2024 года по май 2025 года составила 13,08% при инфляции 11,30%, размер начисленного инвестиционного дохода - 2,60 трлн тенге. Доходность ОПВР по состоянию на 1 июня 2025 года за последние 12 месяцев составила 11,39%.

В средне- и долгосрочной перспективе обеспечивается положительная реальная доходность пенсионных накоплений, опережающая уровень накопленной инфляции. Так, накопленная инвестиционная доходность с момента основания

накопительной пенсионной системы в 1998 году до 1 июня 2025 года с нарастающим итогом составила 972,48% при инфляции за весь период 884,38%.

Также напомним, что в Казахстане действует уникальная гарантия сохранности обязательных пенсионных взносов с учётом уровня инфляции. В случаях снижения доходности в отдельном периоде, повлиявшего на накопленную доходность вкладчика при наступлении права на выплаты, компенсация разницы гарантирована государством.

Вся система инвестиционного управления и учета пенсионных активов является прозрачной: каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении.

Информация по инвестиционному управлению пенсионными активами ЕНПФ и о финансовых инструментах, в которые размещены пенсионные активы ЕНПФ, публикуется на официальном сайте ЕНПФ (www.enpf.kz) в разделе «Статистика и аналитика/Инвестиционное управление пенсионными активами».

ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢ

Өрт қауіпті кезеңнің басталуымен өрт жағдайы күрделене түседі. Әдетте, осы кезеңде құрғақ шөпті, қоқысты рұқсатсыз жағу салдарынан, көбінесе орман өрттері пайда болады.

Осы кезеңде ашық отты жағуға және қоқысты өртеуге, сондай-ақ кез келген өрт қауіпті жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

Өткен жылы құрғақ шөпті жағу жер үшін пайдалы, оны күлмен ұрықтандырады деген жалған пікір бар, сондықтан көптеген азаматтар арнайы шөп шабуды ұйымдастырады.

Шын мәнінде, мұның пайдасы жоқ: шөпті жағу кезінде көптеген пайдалы микроорганизмдер өледі, ал құрғақ шөпте көрінбейтін жас шөп өліп кетуі мүмкін, сонымен қатар құрғақ шөпте өрт сіздің сайтыңыздағы ғимараттарға оңай жетеді. Орман өрттері жанып жатқан шөптен басталады: ағаштар, жануарлар өледі, құстардың уялары күйіп кетеді.

Ешбір жағдайда жол бермеңіз:

— құрғақ шөп жағуды;

— қоқысты бақылаусыз жағу;

— темекі шегу кезінде абай болыңыз: сөндірілмеген темекі шегу немесе сіріңке құрғақ шөптің жануына оңай әкеледі.

Үйде немесе саяжайда:

— әрқашан өртті сөндіруге арналған құрал-жабдықтар дайын болуы тиіс: Шелек, күрек, су құйылған бөшке, құм салынған жәшік;

— құрғақ шөпті тырмамен жинау керек, оны қоқыспен бірге су қоймасының жанында орнатылған темір бөшкеде немесе ғимараттардан алыс жерде өртеуге болады;

— қатты желден сақ болыңыз.

Қоқысты өртеген кезде, тіпті темір бөшкеде де, Ұшқын кездейсоқ ғимараттардың жағына ұшауы үшін желдің бағытын ескеріңіз.

Табиғатта қандай қауіпсіздік шараларын сақтау керек?

Табиғатқа, үй жанындағы учаскеге немесе саяжайға шығу кезінде алдынала от жағу орны ғимараттардан алыс және жақын жерде өрт шығуы мүмкін ештеңе болмайтынына көз жеткізу керек. Барбекюді ағаштардың тәждерінің астына және құрғақ инелер мен жапырақтармен жабылған жерге жағуға болмайды. Көмірді жағу үшін сұйықтықты дереу жауып, алыс қойыңыз.

Егер сіз өртті байқасаңыз, дереу «101» немесе «112» телефоны бойынша (ұялы телефоннан) өрт сөндіру қызметін шақырыңыз, содан кейін барынша сақтық сақтай отырып, қолда бар құралдармен жануды оқшаулауға кірісіңіз. Егер өрт еңсерілмеген жағдайда на істеу қажет?

Дереу өрт сөндіру қызметіне қоңырау шалыңыз. Шақыруда өрттің орны, оның себебі және адамдар үшін ықтимал қауіп туралы нақты ақпарат болуы тиіс. Әрі қарай нақтылау үшін өз атыңызды, телефон нөміріңізді атаңыз.

Өртті сөндіру үшін барлық қол жетімді әдістерді — құм, су, жамылғы, киім, өрт сөндіргіштерді және т. б. пайдалана отырып, өртке тез әрекет ету қажет..

Егер жалынды сөндіру мүмкін болмаса, адамдарды құтқарғаннан кейін газ баллондарын, автомобильдерді, барлық тез тұтанатын материалдарды алып тастау керек. Жанып жатқан бөлмелерді ашып, мүмкіндігінше мұқият болу керек, өйткені оттегінің жаңа түсімі жалынды күшейте алады. Егер түтін болса, бетіңізді жауып, еңкейіп, жылжыңыз, қажет болса, киімді сумен сулап, ба-сын дымқыл сүлгімен жабыңыз. Егер адамның киімі жанса, оған жүгіруге жол бермеңіз. Ондай жағдайда адамды орап тастап су құйып тастаңыз. Ешқандай жағдайда, егер киім күйіп кетсе, күйіп кеткенді шешпеңіз, дененің зардап шеккен бөліктерін таза шүберекпен жауып, жедел жәрдем шақырыңыз.

Өрттің себебі көбінесе адамның бейқамдығы, ұқыпсыздық және өрт қауіпсіздігі ережелерін елемеу болып табылатынын есте сақтаңыз. Оттың барлық қауіптілігін түсіндіре отырып, балаларға ерекше назар аудару қажет.

Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі.

ТАЛАПКЕРЛЕР EGOV.KZ ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ КОЛЛЕДЖГЕ ТҮСУГЕ ӨТІНІШ БЕРЕ АЛАДЫ

eGov.kz порталында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау науқаны басталды. Биыл бұл қызмет айтарлықтай жаңартылып, талапкерлер үшін әлдеқайда ыңғайлы болды. Өтініш беру жүйесіне жаңа функциялар мен сүзгілер қосылып, оқу орнын жылдам таңдауға, қателіктерді болдырмауға және уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді.

Енді өтініш беру кезінде талапкер жатақхана немесе тегін тамақтану қажеттілігін бірден көрсете алады. Әскери қызметті шақыру бойынша толық өтеген азаматтар санатына жататындар растайтын құжатты тіркей алады.

Маңызды жаңашылдықтардың бірі — оқу орнын таңдау кезінде сүзгілеу механизмінің енгізілуі. Жүйе талапкер таңдаған параметрлерге сәйкес колледждердің тізімін автоматты түрде қалыптастырады: оқу аймағы, оқыту тілі, бағыт және мамандық бойынша. Оқыту тілі көрсетілгеннен кейін жүйеде тек сол тілде оқыту қарастырылған оқу орындары ғана көрсетіледі. Сондай-ақ, «Серпін» бағдарламасына қатысатын өңірлердегі ауыл мектептерінің түлектері үшін жеке сүзгі іске асырылған.

Әр талапкер өтінішті бір рет ғана бере алады, бұл ретте төрт түрлі колледжге дейін, төрт мамандық таңдау мүмкіндігі бар. Құжаттардың жалпы көлемі 5 мегабайттан аспауы тиіс.

Өтініш беру үшін талапкерге:

-eGov.kz порталында авторизациядан өту қажет;

-«Білім» бөлімінен «Колледждер» санатын таңдау керек;

-«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» қызметін таңдау қажет;

-барлық қажетті жолдарды толтырып, құжаттарды жүктеу керек;

-қызметті қолжетімді әдістердің бірімен растау қажет;

-қызмет нәтижесі пайдаланушының Жеке кабинетінде «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде қолжетімді болады.

Қызмет көрсету мерзімі — 3-5 жұмыс күніне дейін. Құжаттарды қабылдау кезең-кезеңімен жүргізіледі және оқу түрі мен білім беру бағдарламасына байланысты. Қабылдау шарттары, құжаттарды тапсыру мерзімдері мен талаптардың толық тізімімен eGov.kz порталында қызметтің паспортында танысуға болады.

Қызметті жетілдіру Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, ҚР Оқу-ағарту министрлігі, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ұлттық зерттеулер және білім беру сапасын бағалау орталығының бірлескен жұмысының нәтижесінде іске асырылды.

**Қосымша ақпарат алу үшін мында хабарласуыңызды сұраймыз:
«ҒАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті
Жапа Сейдахмет
+7 778 602 26 26
press@nitec.kz;
www.nitec.kz**

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ СУИЦИДТІҢ АЛДЫН АЛУ: ЕРТЕ АРАЛАСУ МЕН ОТБАСЫЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ МАҢЫЗЫ



Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығы – қоғамның тұрақтылығы мен болашағының көрсеткіші. Бүгінде көмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр және бұл бағытта мамандардың, ата-аналардың, мұғалімдердің және бүкіл қоғамның бірлескен жұмысы қажет.

Ескелді ауданында соңғы үш жылда жасөспірімдер арасында 2025 жылы 1 суицидтік жағдай тіркелді.

2023 және 2024 жылдары мұндай жағдайлар болған жоқ. Бұл статистикалық тұрғыдан оң нәтиже болғанымен, әрбір суицид – бүтін бір отбасының, мектептің және қоғамның қайғысы.

Негізгі себептер мен қауіп фак-

торлары

Жасөспірімдердің мұндай қадамға баруына әкелетін себептер күрделі және көпқырлы. Медициналық-психологиялық тәжірибеде жиі кездесетін факторлар мыналар:

- 1.Отбасының қаржылық қиындықтары.
- Материалдық тапшылық баланың өзін қатарынан кем сезінуіне, психологиялық тұрақсыздыққа, оқшаулануға себеп болады.
- 2.Отбасындағы түсініспеушілік пен эмоционалдық алшақтық.
- Ата-ана мен бала арасындағы байланыстың әлсіздігі, сүйіспеншілік пен қолдаудың жетіспеуі жасөспірімді жалғыздыққа итермелейді.
- 3.Құрдастарымен қарым-қатынастағы қиындықтар.
- Құрдастар тарапынан қабылданбау, мазаққа қалу немесе достық қатынастың болмауы – суицидтік ойлардың пайда болуына себеп болатын әлеуметтік стресс.
- 4.Мектептегі қиындықтар.
- Оқу жүктемесінің ауыр болуы, үлгермеушілік, мұғалімдер тарапынан түсіністік пен қолдаудың жетіспеуі — жасөспірімнің үмітсіздік пен өз-өзін бағаламауына себеп болады.
- 5.Стресті жеңе алмау және психологиялық қолдаудың болмауы.
- Балалар мен жасөспірімдер ішкі жан күйзелісін айтуға әрдайым дайын бола бермейді, олар көбіне өз сезімдерін жасырады. Мұндай кезде қауіп белгілері елеусіз қалып қоюы мүмкін.
- Аудан мектептеріндегі профилактикалық жұмыс
- Суицидтің алдын алуда ең маңызды қадам — ерте кезеңде қауіптің алдын алу. Осы мақсатта Ескелді ауданының мектептерінде медициналық психологтармен жоспарлы түрде профилактикалық жұмыстар жүргізіледі. Атап айтқанда:
- Эмоционалды тұрақтылықты дамытуға бағытталған тренингтер мен топтық сабақтар;
- Оқушыларға, ата-аналарға және мұғалімдерге арналған психологиялық ағартушылық іс-шаралар;
- Жеке кеңес беру қызметтері;
- Психозэмоционалдық жағдайды скринингтік тексеру.
- Бұл жұмыстардың басты мақсаты — қауіп төндіруі мүмкін балаларды ерте анықтап, оларға уақытылы көмек көрсету.
- Қайда жүгінуге болады?
- Егер сіз өз балаңыздан мазасыздық, тұйықтық, күйзеліс немесе мінез-құлқындағы өзгерістерді байқасаңыз, уақыт оздырмай кәсіби көмекке жүгініңіз.
- Аудан тұрғындары үшін тұрғылықты жері бойынша емханаларда медициналық психологтардың тегін кеңесі қолжетімді, оның ішінде «Ескелді орталық аудандық ауруханасында» да қабылдау жүргізіледі.
- ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ Психологиялық көмекке жүгіну – бұл әлсіздік емес, баланың болашағына деген қамқорлық.
- Психологиялық қолдау өмірді сақтап қалуға көмектесуі мүмкін. Ерте араласу – баланың денсаулығы мен амандығының кепілі.

Тұрсын Елнар Ерланұлы
медициналық психолог
ШЖҚ «Ескелді орталық аудандық ауруханасы» МКК

«ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ АҚЫН САРА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ МЫНАДАЙ ТҮРЛЕРІН ҰСЫНАДЫ

-Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру;
- кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру,
-сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу,
-жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату,
-жер учаскесін алу үшін кезекке қою

Электрондық қызметтерді пайдалану үшін, ең алдымен, ЭЦҚ (электронды цифрлық қолтаңба) болуы қажет, оны халыққа қызмет көрсету орталығында немесе порталдағы электрондық өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышында алуға болады egov.kz немесе сайтта rki.gov.kz. оны флэш карта, жеке куәлік ретінде сақтау.

«Ескелді ауданы Ақын Сара ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы» орналасқан, интернетке қосылған компьютер, картридер, принтер құралдарымен жабдықталған. «Электрондық үкімет» egov.kz порталы арқылы электронды цифрлық қолтаңбамен тіркеліп қызметтерді онлайн түрде қашықтықтан ЭЦҚ (электронды цифрлық қолтаңба) ашу, емханаға тіркелу, некеге тұру, тіркеуге тұру, тіркеуден шығару, жеке басында мүліктің тіркелуі, тіркелмеуі, соттылығы бар, жоқтығы туралы және денсаулығына қатысты анықтамалар, үй кезегіне тұру, балаларға жәрдемақы тағайындауға өтініш білдіру және тағы басқа анықтамаларды электронды, жылдам және тегін алуға болады. Біз сізге міндетті түрде кеңес береміз және қызметтерді алуда көмек көрсетеміз.

Қызмет беруші туралы мәлімет: «Ескелді ауданы Ақын Сара ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, мекен-жайы: 040514, Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Ақын Сара ауылы, Біржан Сал көшесі, 3А үй. Телефон: 51090. Қабылдау күндері: күн сайын сағат 9.00-дан 18.30-ге дейін, демалыс күндері: (сенбі, жексенбі) мен мейрам күндерінен басқа, түскі үзіліс 13.00-дан 14.30-ге дейін.

А.ИСЕМБАЕВА ,
«Ескелді ауданы Ақын Сара ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ІС

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бері осы жылдар ішінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көрністерінің азаюы байқалады.

Сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамыры тереңге жайған, өзге сау органдарын шырмап, тыныс-тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Оны емдемес бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеу керек. Ол үшін бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз қажет.

Яғни бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көрністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сонда ғана халық сенімінің үддесінен шығатынымыз сөзсіз.

Қазақстан халқы өз алдына ел болып, еңсесі биік жоғарғы мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

А.ИСЕМБАЕВА ,
«Ескелді ауданы Ақын Сара ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы

СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАҢЫЗДАР!

Жаз – біздің балаларымыз үшін көнілді және уайымсыз уақыт. Көптеген отбасылар жаздың ыстық күндерін табиғатта,көл,өзен,теніз жағаларында демалуды ұнатады. Ұлкендермен балалар шомылып,күннің нұрына рахаттанып,таза ауамен демалады. Бірақ су қауіпті болуы мүмкін! Біріншіден балалар кейде қауіп-қатерді байқамайды содан сіздің жауапты болу және қауіпсіздік техникасын сақтау міндеттілігіңізді есте сақтау қажет! Сондықтан демалыс орнына барудың алдында келесі ұсыныстарды зерделеу керек;

- Балаларды суға түсуге рұқсат етілген және құтқару құралдарымен жабдықталған орындарға ғана жүргізіңіз.
- Сіздің бақылауыңызсыз балаңызға шомылуға рұқсат берменіз! Әсіресе матрацта немесе үрлемелі ортада.
- Балаларды тек жүзу кеудешесінде немесе жеңінде жіберіңіз.
- Балаларға су астында тығылатын немесе оларды жығатын ойындарды ойнауға жол берменіз.
- Баланың тонудың болдырмау үшін баланың суда болу уақытын бақылаңыз.
- Демалыс уақытында да жауапкершілікті ұмытпаңыз!

Балалармен әніме откізіп,қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін түсіндіру қажет!
- Ешқашан көз қарасынан жоғалтпаныз балапандарыңызды!
Мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы бала әрқашан үлкендердің қарауымен шомылуға тиіс.Жасөспірімдік жастағы балалар,егер өздері су қоймасына баратын болса,онда терең шұңқырлар,қатты ағыстар, су айналымы немесе үлкен толқындар болмаған жағдайда,бұл үшін арнайы бөлінген жерлерде ғана жүзуі тиіс.
Өзіңізді және жақындарыңызды сақтаңыз!
Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі.

БАЛАЛАРДЫ ТЕРЕЗЕДЕН ҚҰЛАУДАН САҚТАҢЫЗДАР!

Жыл сайын балалардың терезеден құлау жағдайлары тіркеледі. Бұл жаңа мәселе емес, дегенмен де кейбір ата-аналар осыған жауапсыздықпен қарап, терезесі ашық тұрған пәтерде балаларды жалғыз қалдырып кетеді.

Құрметті ата-аналар, әрине, балаларыңыз сіз үшін ең қымбат сіз. Егер сіздің салғарттығыңызға байланысты бала өмір мен өлім шегіне шықса, сіз ең алдымен орын алған оқиғаға өзіңізді кінәлайсыз. Сіздің отбасыңыздың тыныштығын сақтау және қайғы-қасіретті болдырмау үшін балаңызды ашық терезеге жібермеу, оның үстіне ашық бөлмеде қараусыз қалдырмау жеткілікті.

Терезеден құлау-балалардың жарақаттануы мен өлім-жітімінің негізгі себептерінің бірі болып табылады, әсіресе қалаларда. Балалар ашық терезенің алдында білуге құмарлығына байланысты өте осал. Жыл сайын ыстық күндер басталысымен балалардың терезеден құлау жағдайлары өседі. Балаларды қорғау - бұл бірінші кезекте ата-аналардың міндеті. Баланы терезеден құлаудан қалай қорғауға болады?

1. Кішкентай балаларды жалғыз қалдырмаңыз. Жалпы барлық құлау жағдайлары ата-аналар балаларды қараусыз қалдырғанда орын алады.
2. Бала терезе алдына шыға алмауы үшін жиһаздың барлық түрлерін терезеден алып тастаңыз. Тіпті аяқтарында берік ұстай алмайтын балалар да терезеге шыға алады, егер жанында ыңғайлы заттар, мысалға балаға арналған ағаш-диван, кресло, орындық, журнал үстелі, гүл ыдысы, ойыншықтарға арналған қорап болуы мүмкін.
3. Москит торына ЕШҚАШАН үміт артпаңыз! Олар құлаудан қорғауға арналмаған! Керісінше - москит торы трагедияға ықпал етеді, өйткені бала өзін қауіпсіз сезінеді және терезеге де, оған да сүйенеді. Балалар жиі осы торлармен бірге түседі. окна в положении «сложное открывание».
4. Мүмкіндігінше, терезелерді «күрделі ашылу» жағдайын қолданып ашыңыз.
5. Терезелерге, балаға терезені бірнеше сантиметрге ғана ашуға мүмкіндік беретін арнайы бекіткіштерді қойыңыз. Егер арнайы бекіткіштерді және сақтандыру құралын қазір орнатуға мүмкіндігіңіз болмаса, тұтқаны бекітетін болттарынан бұрауышпен бұрап алып оны уақытша жоғары қойыңыз, қажет кезде ғана қолданып, қайта алып тастап отырыңыз.

Есте сақтаңыз! Егер сіз балаға терезеден бірдеңе көрсетсеңіз - оны әрдайым мықтап ұстаңыз, баланың құрт қимылдарына дайын болыңыз, алақаныңызды құрғақ ұстаңыз, баланы киімінен ұстамаңыз.

Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі.

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА. Редакцияның телефоны 3-19-15	Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.	Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.	Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспахана-сында басылады. Баспаханың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы,Райымбека көшесі, 369-үй	Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.	Осы шыға-рылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 914 Көлемі 2 баспа табақ.	Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ
--	---	--	--	--	---	--